Жанубий Ўзбекистоннинг дашт, тоғли ва тоғолди минтақаларида чорвачилик билан шуғулланувчи кўнғиротлар орасида жундан кийимлар ва кундалик хўжалик маҳсулотлари-чакмон, пўстин, турли хилдаги гиламлар, халта, хуржунлар тайёрлаш расм бўлганлиги боис, жундан ип йигириш ҳам айнан мазкур минтақаларда кенг тараққий этган. Тадқиқотчилар Бойсун ва Нурота кўнғиротларининг XIX аср ва XX аср бошларидаги гиламларида акс этган безак-нақшларида кўпгина ўхшашлик мавжудлигини таъкидлашади. Бун-га сабаб, иккала туманда яшовчи кўнғиротларнинг азалий оилавий муносабат-ларидан дарак беради<sup>17</sup>. Кўнғирот аёллари ёз фаслида маҳаллий усулда гилам тўқишган. Анъанага кўра, қизларни турмушга бераётганда махсус гилам - "*қиз гилам*" тўқишиб ва бунини сеп тариқасида беришган. Қизлар ва келинлар эса бу гиламни мерос сифатида сақлашган. Бундан ташқари, гиламнинг бир неча тури-(қоқма, жулхурс ва ш.клар) худди каштали кийим-кечаклар сингари сепнинг асосий қисми ҳисобланган<sup>18</sup>. Демак, бундан кўриниб турибдики, воҳа аҳолиси тайёрлаган ҳунармандчилик маҳсулотлари бозорга кам миқдорда чиқарилган бўлиб, асосан, ўз фарзандлари ва уйлари, қариндош-уруғлари ўртасида фойдаланиш учун ишлаб чиқарилган.

<sup>15</sup> Элшунос олима Б.Кармишева урчукнинг саккизта тури бўлганлигини таъкидлаган. Бу ҳақда қаранг: Томина Т.Н. Ткани в одежде кочевых и полукочевых народов Средней Азии...С.220.

<sup>16</sup> Гюль Э. Кўнғирот гиламлари // Мозийдан садо. 2004 №1. б.8.

<sup>17</sup> Гюль Э. Ковроткачества Байсуна // История и традиционная культура Байсуна. Труды Байсунской научной экспедиции. Вып.2. Т., 2005. С.27.

<sup>18</sup> Дала ёзувлари. Қашқадарё вилояти. Чирокчи, Муборак, Касби туманлари. 2010 йил.

Шу боис, каштачилик юксак маҳорат билан бажарилган бўлиб, рангларнинг уйғунлигига ҳам қатъий амал қилинган<sup>19</sup>.

Гилям тўқишда Фарғона водийсида кўплаб Эрон, Озарбайжон “боғли”(Кирман, Тебриз, Ардебил) ва Хитой (уйғур) “анор”(Қошғар, Хотан) намуналарини кўриш мумкин. Чунки, маҳаллий гилямчиликда интерпретация ўзига хос услубга эга эди<sup>20</sup>.

Тукли гилям маҳсулотларида айниқса, Андижон, Самарқанд гилямлари ва қорақалпоқ юртасининг жиҳозлари ўзига хос ўрин тутлади. XIX асрнинг иккинчи ярмида Андижон гилямлари Фарғона водийсининг ўзбек ва қирғиз аҳолиси томонидан ишлаб чиқилган<sup>21</sup> бўлиб, гилямларда ўзига хос локал бадий асослар, гилям юзасида такрорланиб турувчи крестга ўхшаш мотивлар, нақшлар хошияларида "тўлқин" кучли сезилади.

Жанубий Ўзбекистонда шол гилям, патли гилям, жулхирс, араби гилям, ғажари гилям, хуржун тўқиш, чакмон тикиш, супра тикиш ва кигизга гул босиш кенг расм бўлган<sup>22</sup>. Гилямдўзликнинг энг йирик марказларидан бири бу воҳанинг Жайнай қишлоғи бўлиб, бу ерда ўрта асрлардан кўчиб келган араблар яшашади. Ҳозирги кунда улар маҳаллий аҳолига сингишиб кетишган. Шундай бўлишига қарамасдан улар ўзларининг қадимий анъаналарини сақлаб қолишган. Бу ерда асосан қадимий ҳисобланган жиҳиз гилямлар тўқилади ва сақланади. Ўз ўрнида шуни таъкидлаш керакки, бу ерда тўқиладиган “жиҳиз гилям”ни Г.Мошкова ўз асарида “қиз гилям” деб кўрсатган<sup>23</sup>.

Сурхон воҳаси тожик аёллари жундан нақшли наMATлар (кигизлар) тайёрлашган ва ҳатто ўтов учун тукли маҳсулотлар ҳам тўқишган<sup>24</sup>.

Чорвачилик узоқ йиллар давомида ўлка аҳолиси, хусусан ўзбеклар, турк-манлар, араблар ва қорақалпоқлар учун асосий ва сердаромад тармоқ ҳисоб-ланган. Анъанавий гилям тўқиш билан бу ерда асосан араблар шуғулланишган. Гилямлар ўзининг яхши сифати боис доимо харидоргир бўлган. Бу эса гилям тўқишга бўлган интилишни кучайтирган. Қаршидан 30 км узоқликдаги Қама-ши, Хўжаки, Жейнов қишлоқларида гилям тўқиш ривожланган. Бу ерда “араби гилям” деб юритиладиган патсиз гилямлар тўқилган. Шунингдек, жойнамоz, парда, тўрва, қоп, хуржун, турли маиший буюмлар учун ғилоф, жилдлар тайёр-ланган. Бу буюмларда кўчманчи чорвадор халқларнинг ўзига хос маданияти акс этган. Гилям тўқишда кенг ғалтакли дастгоҳдан майда маиший уй-рўзғор буюм-ларини тўқишда эса тор ғалтакли дастгоҳдан фойдаланилган. Гилямлар жундан тўқилган. Гилям ва бошқа буюмларнинг чекка хошияси учун ипак ип қўл-ланган. 1870 йилгача гилям учун фақат табиий бўёқлардан фойдаланишган. Кейинчалик табиий бўёқлар ўрнини анилини бўёқлар эгаллайди. Бўёқлар бир-биридан аниқ ажралиб турадиган қизил, тўқ сариқ, кўк, яшил, оқ, қора рангдан иборат бўлган. Гилямлар тўқилиши ва безаклари жиҳатидан ҳам бир-биридан алоҳида ажралиб туради. Қоқма, ғажари, терма, беш кашта ёки хурбовлик (нақшга кўшимча ип кўшиш) усулида тўқилган гилямлар бир-биридан фарқ қилади. Араби гилямлар безаклари тишсимон, поғонасимон, квадрат, ромб, учбурчак шакллардан иборат. Безакларга кўшимча сифатида турли рангларда занжирсимон квадрат ёки ромб шакллари қўшилган. Араби гилямлари билан ўзбек гилямлари тўқилиши, безаклари (геометрик шакллар алмашилиши) жи-ҳатидан муайян умумийликка эга. Бу икки мусулмон халқ анъаналари яқинли-гидан келиб чиққан. Шунингдек, ўзбек ва араби гилямларнинг ўзаро фарқли жиҳатлари ҳам бор.

<sup>19</sup> Дудин С.М. Ковровые изделия Средней Азии // СМАЭ. Т.7. - Л., 1928. С. 139-140.

<sup>20</sup> Элмира Гуль. Своеобразие этнокультурных взаимодействий в искусстве Узбекистана XIX – нач. XX вв. // Марказий Осиёда анъанавий ва замонавий этномаданий жараёнлар. 2. қисм. Т., 2005. 71-бет.

<sup>21</sup> Хидирша - Андижонда яшайдиган қирғиз уруғи.

<sup>22</sup> Бўриев О. Хўжамбердиев Т. Ўзбек халқи боқий қадриятлари (Этнотарихий лавҳалар). Қарши. “Насаф”. 2005. 73-бет.

<sup>23</sup> Мошкова В.Г. Кўрсатилган асар..

<sup>24</sup> Султанов М.Х. Этнографические наблюдения в Сурхандарынской области // Материалы по истории Узбекистана. – Т., Фан, 1966. – С. 74-75.

Сурхон воҳасида эчки жунига талаб катта бўлиб, маҳаллий хунармандлар ундан *гилам, кигиз, хўржун, қоп, арқон, матолар, қўй терисидан этик, маҳси, кавуш, меиш, дам, чолвар, камар* каби буюмлар тайёрланган.

Гилам тўқиш касбини уй шароитида оиланинг кекса ёшли аёллари ўргатган ва қизлар болалик вақтидан бошлаб урчук йиғиришга ва сўнгра вақти соати етгач, ўрмак(гилам тўқиш - С.Д.) тўқиш хунарини ўзлаштириши шарт бўлган. Улар асосан, поёндоз, халтача, мапрамачлар тайёрлашган.

**Гилам турлари.** Қашқадарё воҳасида гиламларнинг энг машҳур - *ғажари гилам, қаттиқ гилам, тақир гилам, арава гилам, араби гилам* ва Сурхондарёда эса, *тақир, шерозий, шойи, ғажакли, араби, терма, ироқи, қоқма, тақир, шол, бозорий, қуроқи* каби турлари халқ орасида кенг тарқалган. Сурхондарёда гиламнинг патсиз тури ривожланган бўлиб, бундай гиламлар “қоқма гилам” деб аталган. Бундан ташқари гиламлар уларга туширилган гуллар ва нақшинкор безакларнинг шаклига қараб ҳам *олча, қулф-калит, қўзи тиши, тумор гул, чумчуқ бош, бўри кўз, қуроқ гул, балиқ кўз, гулдор, атлас, иттовон* каби бир неча турларга бўлинган<sup>25</sup>. Гиламларнинг бундай аталиши ўзига хос рамзий маъно акс этган. Масалан, *қулф-калит* номли гилам бир-бирига қарама-қарши турган шоҳдор қўчқор калласини эслатувчи тасвир туширилган бўлиб, уй эгасининг эшиги дўстга очиқ, душманга ёпиқлигини билдирувчи рамз ҳисобланган<sup>26</sup>. *Бўрикўз* деб аталувчи гилам эса хонадон аъзоларини бало-қазодан ва инс-жинслардан асровчи, ҳимояловчи буюм сифатида қадрланганлиги боис уй тўрида ҳаммининг кўзи тушадиган ерга осиб қўйилган. Бу гилам асосан безаклари оқ айлана ичига қора гардиш ва нуқталар туши-рилган ҳолда тўқилган. Шунингдек, байрам, сайил, тўй-маракаларда қиматбаҳо совға ва соврин сифатида ҳам қадрланган.

Ғажари гилам - чорвачилик билан шуғулланувчи аҳолининг энг оммабоп гиламларидан саналиб, тўқилишининг ўзига хослиги билан ажралиб туради. Бу гиламларда йўл-йўл чизиқлар билан узунчоқ нақшлар туширилиб, ранг-баранг шаклда товланиб туради. Оқ тагликда тўқ қизил, қора тагликда сариқ гул маҳаллий аҳолининг ўзига хос локал ечими ҳисобланади. Тўқ қизил, яшил рангларни қора, оқ, қора йўллар бир-биридан ажратиб туради. Айнан бундай ранглар уйғунлиги ғажари гиламлар учун анъанавийдир. Безаклар тор йўлларга тикилгани учун уларнинг барча узвлари чўзикроқ ҳолда шакл олади.

*Ғажари гилам* тўқишда ингичка қилиб йиғирилган жун иплардан фойдаланиб, чийратиб бўлгандан кейин бўяш олдида роса чингланади, яъни иккита катта - катта қозик қоқиб тайёр иплар айлантириб солинади ва қайноқ сув қўйилиб, ўртасидан урчук солиб, нам ҳолдаги иплар урчукқа ўраб айлантирилади. Бу усул бир неча бор такрорланиб, иплар ўралган ҳолда қуритилади. Бундай йиғирилган иплар анча ингичка бўлади ва гиламнинг чиройли чиқишини таъминлайди.

Ғажари гилам учун икки қават ип қилиб ўрмак қурилади. Ҳар иккала ип қўшилиб, жуфт ҳолда кузув ипга боғланади ва қўшқузув деб аталади. Бунда со-линадиган нақшлар бир текис чиқади. Кузув боғланиб, ўрмак жойлаштирил-гандан сўнг турли нақшлар солинади ва юзига қизил ип чиқиб оқ иплар тагида турган бўлса, нусха олинаётган гиламнинг нақшига қараб ип санаб тагидаги оқ ип юзига олиниб, ўрнига ўша кузув ипдаги қизил ип ботирилади. Ғажари гилам терма қилиб тўқилганлиги учун тўқиш жуда диққат ва катта эътибор талаб қилади.

*Ойгилам* ҳам қўнғиротларнинг уй деворига осиб қўйиладиган безак гила-ми бўлиб, келинларнинг сепига 1-2тача солинган. Ойгиламни тўқиш учун оқ қўй жуни титилиб, таралиб, йиғирилади. Кейин қайноқ сувда тозалаб ювилади ва қуритиб калава қилинади. Ойгиламнинг юзи, яъни нақшли қисмини тўқиш учун битта тўқиб бўлинган ойгиламдан андоза сифатида фойдаланиб, нақшидан нусха кўчирилади.

*Тақир гилам* йирик-йирик тўқилган бўлиб, уни бутун энини қоплаб олган меҳроб шаклидаги безагидан ажратиб олиш мумкин.

<sup>25</sup> Дала ёзувлари. Сурхондарё вилояти. 2010 йил.

<sup>26</sup> Туреунов С. ва бошқалар. Сурхондарё этнографик макон. – Тошкент.: Академнашр, 2011. Б.62.

Ўзбек гиламлари орасида айниқса, Жанубий Ўзбекистонга хослари ўзининг нақшлари, тўқилиш услублари ва безалишига кўра локал хусусиятлар касб этади. Бу хусусиятлар эса аҳолининг гилам тўқиш технологияси, гиламлар учун ишлатиладиган хом-ашё ва уларни бўяшга кетадиган бўёқларга боғлиқ. Гиламдўзлик анъаналари эса бугунги кунгача ўз аҳамиятини сақлаб қолган ва воҳалар аҳолиси эҳтиёжига кўра тўқилиб келинмоқда.

### Фойдаланилган адабиётлар рўйхати:

1. Бўриев О. Хўжамбердиев Т. Ўзбек халқи боқий қадриятлари (Этнотарихий лавҳалар). Қарши. “Насаф”. 2005. 73-бет.
2. Васильева Г.П. Туркмены-нохурли. // СЭС. 1. М., 1954. С. 82-215.
3. Давлатова С.Т. Қашқадарё миллий кийимлари: анъанавийлик ва замонавийлик. - Т: Янги аср авлоди, 2006. 94-бет.
4. Жабборов И. Ўзбек халқи этнографияси. – Т.: Ўқитувчи, 1994. Б.309.
5. Гюль Э. Қўнғирот гиламлари // Мозийдан садо. 2004 №1. б.8.
6. Гюль Э. Ковроткачества Байсуна // История и традиционная культура Байсуна. Труды Байсунской научной экспедиции. Вып.2. Т., 2005. С.27.
7. Гюль Э. Своеобразие этнокультурных взаимодействий в искусстве Узбекистана XIX – нач. XX вв.// Марказий Осиёда анъанавий ва замонавий этномаданий жараёнлар. 2.қисм.Т., 2005. 71-бет.
8. Дудин С.М. Ковровые изделия Средней Азии // СМАЭ. Т.7. - Л., 1928. С. 139-140.
9. Мошкова В.Г. Ковры народов Средней Азии конца XIX – начала XX вв. Ташкент: Фан, 1970. С.105.
10. Султанов М.Х. Этнографические наблюдения в Сурхандарынской области // Материалы по истории Узбекистана. – Т., Фан, 1966. – С. 74-75.
11. Турсунов С. ва бошқалар. Сурхондарё этнографик макон. – Тошкент.: Академнашр, 2011. Б.62.
12. Томина Т.Н. Ткани и одежды кочевых и полукочевых народов Средней Азии. – М.: Наука, 1989. С.231.
13. Фахретдинова Д.А. Декоративно-прикладное искусства Узбекистана. Ташкент, 1972. С.162.
14. Қобулов Э. Сурхон воҳаси хўжалиги. – Тошкент.: Академнашр, 2012. Б.183
15. Ҳақимов А. Қашқадарё вилоятининг анъанавий ҳунармандчилиги // Мозийдан садо. 2008. №4. 4-бет.
16. Ҳақимов А, Носирова З. Косонсой анъанавий каштачилиги // Мозийдан садо. №1., 2009. 8-бет.
17. Муаллифнинг 2009-2016 йилларда Ўзбекистоннинг Қашқадарё, Сурхондарё, Фарғона, Бухоро вилоятларида олиб борган дала тадқиқотлари материаллари.

## ЖОО БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕР МАМАНДАРЫНА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

*Крыкбаева С.М., өнертану кандидаты, қауымд. проф.м.а. ҚазМемҚызПУ,  
Қазақстан, Алматы қ. [sarakm@yandex.ru](mailto:sarakm@yandex.ru);  
Иманкулова Л.Б. магистр аға оқытушы. ҚазМемҚызПУ,  
Қазақстан, Алматы, [lei\\_84@mail.ru](mailto:lei_84@mail.ru);  
Бакирова Л.Ш. магистр аға оқытушы ҚазМемҚызПУ,  
Қазақстан, Алматы, [15.01.70@mail.ru](mailto:15.01.70@mail.ru);  
Кипшаков С.А. п.ғ.к., Т.А.Букетов ат. ҚарМУ,  
Қазақстан, Қарағанды, [kipshakov@mail.ru](mailto:kipshakov@mail.ru)*

### Аннотация

Бұл мақалада ЖОО болашақ дизайнер мамандарына кәсіби білім берудің мазмұны баяндалады. Мемлекет пен қоғам талаптарына жауап беретін, заманауи кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті дизайн мамандарына деген әлеуметтік сұраныс дизайнның адам өмірінің сапасын арттыру факторы ретіндегі дамуымен байланысты. Дизайн кәсіби қызмет түрі ретінде елімізде жақында ғана пайда болғандықтан, бүгінгі кәсіби дизайнерлік білім беру жүйесі әлі де болса қалыптасу үрдісінде.

Бүгінгі кәсіби дизайнерлердің саны мен сапасы осы сала бойынша қоғамда пайда болған сұраныстарды толық қамтамасыз ете алмайды, ал, негізінен батыстық әріптестер мен тәжірибеге, техникалық эстетика факультеттері мен кеңестік көркем-өндірістік ЖОО-ның тәжірибелеріне сүйенген кәсіби дизайн білім беру енді ғана дамып келеді. Дизайн-білім берудің теориясы мен практикасын талдау көрсеткендей, дизайнердің кәсіби мәдениетінің дамуы әрдайым жоғары бола бермейді. Бұл өз кезегінде кәсіби жобалау қызметінің өнімдеріне кері әсер етіп, ол болса жалпы қоғам дамуына ықпал етеді.

### СОДЕРЖАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ-ДИЗАЙНЕРОВ В ВУЗЕ

*Крыкбаева С.М., канд.искусств., и.о.асс. проф., [sarakm@yandex.ru](mailto:sarakm@yandex.ru);  
Иманкулова Л.Б. магистр ст.преп. КазГосЖенПУ, [lei\\_84@mail.ru](mailto:lei_84@mail.ru);  
Бакирова Л.Ш. магистр ст.преп. КазГосЖенПУ, [15.01.70@mail.ru](mailto:15.01.70@mail.ru);  
Кипшаков С.А. к.п.н., КарГУ им. Т.А.Букетова, [kipshakov@mail.ru](mailto:kipshakov@mail.ru)*

### Аннотация

В этой статье рассматриваются содержание профессионального образования будущих преподавателей дизайнера в Вуз. Социальная потребность в специалистах дизайна, способных решать современные профессиональные задачи, отвечать потребностям общества и



государства, связана с развитием дизайна, как фактора обеспечения качества жизни человека. Существующая сегодня система профессионального дизайнерского образования еще проходит стадию формирования в связи с тем, что дизайн, как профессиональная деятельность, появился в нашей стране-сравнительно, недавно.

Анализ теории и практики дизайн-образования показал, что уровень развития профессиональной культуры дизайнера не всегда достаточно, высок, что отрицательно сказывается на продуктах профессиональной проектной деятельности, а это, в свою очередь, влияет на развитие общества в целом. Осмысление дизайна как нового вида проектно-художественной деятельности человека ставит перед педагогами вузов новые задачи и побуждает к поиску более эффективных способов их профессиональной подготовки. При этом главной задачей в решении этого вопроса в вузе остается задача формирования творчески мыслящей и действующей личности высокой профессиональной культуры.

## **THE CONTENT OF PROFESSIONAL EDUCATION FUTURE SPECIALISTS-DESIGNERS IN THE UNIVERSITY**

*Krykbayeva S.M, Candidate of Arts, ass. Prof. KazGosZhenPU, sarakm@yandex.ru;  
Imankulova LB Master of Arts. KazGosZhenPU, lei\_84@mail.ru;  
Bakirova L.Sh. Master of Arts. KazGosZhenPU, 15.01.70@mail.ru;  
Kipshakov S.A. Candidate of pedagogical sciences,  
KarSU named after. T.A.Buketova, kipshakov@mail.ru*

### **Annotation**

This article examines the content of vocational education for future design teachers in the University. The social need for specialists in design, capable of solving modern professional tasks, meet the needs of society and the state, is associated with the development of design as a factor in ensuring the quality of life of a person.

The existing system of professional design education is still undergoing the formation stage due to the fact that design, as a professional activity, has appeared in our country-relatively recently. Analysis of the theory and practice of design education has shown that the level of development of the designer's professional culture is not always enough, it is high that negatively affects the products of professional project activities, and this, in turn, affects "the development of society in. Whole.

The comprehension of design as a new type of design and artistic activity of a man puts new problems for teachers of higher educational institutions and prompts them to search for more effective ways of their professional training. At the same time, the main task in solving this issue at

the university remains the task of forming a creative and thinking personality of a high professional culture.

Болашақ дизайнерлерді дайындау сапасына байланысты «Кәсіби құзіреттілік» ұғымы жақын арада ғана қолданылып жүр әрі олардың шығармашылық және кәсіби қабілеттерінің жиынтығын танытады.

Соңғы онжылдықта дизайн-білім беру әлемдік білім беру жүйесінің маңызды салаларының біріне айналды. Қоғам өмірінің барлық саласына дизайнның ықпалы артып, жалпы және жобалау мәдениетіндегі өзара ықпалдастықтың жаңа талаптары мен түрлері туындады. Дизайн-білім берудің дамуы аталған мамандарды дайындаудағы дәстүрлі талаптарды, өзектілік пен мақсат-міндеттерді қайта қарауды тудырды.

Дизайнды адамның көркемдік-жобалау қызметінің түрі ретінде қарастыру ЖОО педагогтары алдына жаңа міндеттер қояды және оларды кәсіби дайындауда тиімді тәсілдерді іздестіруге жетелейді. Сонымен қатар, ЖОО бұл мәселені шешудің басты міндеті шығармашылық тұрғыда ойлап, әрекет ете білетін жоғары кәсіби мәдениетке ие тұлға қалыптастыру болып табылады.

«Дизайнер» мамандығы – кәсіби қызметтің интегративті түрі болып табылады және техникалық, архитектуралық, көркемдік, экологиялық, әлеуметтік т.б. сияқты кәсіби дайындық түрлерін интеграциялауды көздейді. Осыған байланысты, дизайнерлерді кәсіби дайындаудың мақсаты түрлі кәсіби саладағы (техникалық, гуманитарлық, көркемдік, экономикалық, экологиялық т.б.) білім, білік, дағдылар кіріктірілген кәсіби мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Дизайнерлік білім беруді – дизайнның ғылыми негізі туралы жүйелі білімдерді студенттердің меңгеруі, қазіргі жағдайда дизайнерлік жоба жасау тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу және дизайн мәдениетіне деген бағалы көзқарас пен оның нәтижесі ретінде танимыз. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлауда дизайнерлік білім берудің мақсаты олардың дизайнерлік ойын дамытып, дизайн тарихына, дизайн негіздерін құрайтын біртұтас көзқарас қалыптастыру болып табылады [1].

Дизайн өнерінің кәсіби қызметі өнер, техника, технология сияқты өнердің әр түрлі кәсіби облыстардың элементтерін өзіне жинақтап біріктіреді. Бүгінгі күнгі жоғарғы білім беру жүйесінің ауқымды міндеті тек қана халықаралық деңгейге сәйкес келетін маман даярлау ғана емес, өз кәсібінің қызметін жоғары білікті жүзеге асыруға қабілетті маман даярлау болып табылады. Конкуренция жағдайында өзгеріп тұратын әлеуметтік-

экономикалық тенденциялар мен жеке тұлға тәрбиесін қоғамның қазіргі мәдениетін жоғарғы деңгейде қалыптастыруға қабілетті қазіргі дизайнерде кәсіби білім, іскерлік пен дағды болуымен қатар орындалған іс-әрекеттің өнімділігі деңгейіне байланысты болатын, кәсіби мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде танылады.

Сондықтан, дизайнерлік білім мәдениет қызметінің бір түрі ретінде жоғары мәдениетті кәсіби адам ретінде болашақ дизайнерді тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелігі бар мәселелермен ұшырасады. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында кәсіби – шығармашылық ойдың жаңа стилін қалыптастыру, тұлғалық бағдарлық іс-әрекетке сүйену, қазіргі білім беру технологиясын ендіру, білім беру мазмұнын гуманизациялау және қазіргі жоғары дизайнерлік білім беруді, дамыту тенденциялары мен басты мұратты анықтайтын басқа процестерді қалыптастыру негізгі фактор болып табылады. Дизайнерлік жоғары білім берудің негізгі мақсаты – тар шеңбердегі бейіндік даярлық емес, жалпы мәдениеттік, әлеуметтік даралық мәні бар жеке шығармашылық тұлғаның деңгейін үздіксіз дамыту, кәсіби мәдениетті қалыптастыру болып табылады [2].

Болашақ дизайн мұғалімдеріне көркемдік білім берудің басты мақсаттарын негізге ала отырып, біз дизайн өнеріне бағалы көзқарасты қалыптастыру, дизайнерлік құндылықтарды қабылдауға деген мүмкіндікті дамыту, дизайнерлік білімді меңгерту, дизайнерлік іс-әрекеттерді қалыптастыру; дизайнерлік білімдерді, шеберліктер мен дағдыларды меңгеруге деген қызығушылықты дамыту; дизайнерлік өнер дәстүрлерін және өзіндік мәдениетін игерту; студенттердің дизайн өнеріне деген сұранымын қанағаттандыру үшін жағдай жасау; дизайнерлік құндылықтарды тану негізінде эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, студенттердің дизайнерлік білімі мазмұнының негізіне дизайнның теориялық және әдістемелік принциптерін ендіру; дизайнерлік білім беру тұжырымдамасын жасау; дизайндық жоба жасау идеялары мен ұстанымдары алынады.

Дизайн білімі мазмұнының құрылымы жоғары оқу орындарындағы оқудың барлық кезеңінде жеке адамды дамытудың жас мөлшері кезеңдеріне сәйкес оның мақсаттары мен міндеттерінің байланысын қамтамасыз етуге тиіс. Жоғары оқу орнында дизайн білімін беру – тұтас педагогикалық білім берудің құрамдас бөлігі. Сондықтан, дизайнерлік білім берудің мазмұнын айқындау кезеңінде біз дизайн саласының белгілі ғалымдарының, жалпы дизайнерлік білім беру жөніндегі ойларын басшылыққа аламыз. Олардың еңбектерін талдау дизайнерлік білім берудің басты қызметі – алдыңғы ұрпақтар жинағы дизайнерлік тәжірибені үйрету деп тұжырымдауға негіз болады [3].

Дизайнды жоғары педагогикалық оқу орны жағдайында оқыту – студенттерге өнер арқылы оқыту мен өнер арқылы тәрбиелеу жөніндегі тәжірибені бере білу, оларды кәсіптік

дизайнерлік-педагогикалық қызметке даярлау, білім мен шеберлікті, практикалық қызмет дағдысын, педагогикалық болмысқа және тұтас алғанда қоршаған ортадағы заттар формасына деген әсемдік көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ ұстаздарға дизайнерлік білім беру мазмұнында өзара байланысты төрт бағытты бөліп көрсету қажет. Олар:

- болашақ мұғалімнің дизайн өнеріне деген біртұтас көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз ететін, танымдық және практикалық қызметінің дұрыс әдістемелік біліммен қаруландыратын мәдениет, дизайн тарихы туралы білім жүйесі;

- көптеген нақты қызметтің (танымдық, бағалы еңбек және т.б.) негізі болып табылатын және болашақ педагогтардың дизайнерлік мәдениетті сақтау қабілетін қамтамасыз ететін жалпы интеллектуалдық және дизайнерлік практикалық дағдылардың шеберліктердің жүйесін меңгерту;

- болашақ мұғалімдердің дизайнды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану жөніндегі педагогикалық қызметінің тәжірибесін меңгерту;

- болашақ мұғалімдердің бойында сенімдерді, құндылықтар жүйесін қалыптастыру шарты болып табылатын біліммен, іскерліктермен бірге айналадағы көркемдік болмысқа эмоциялық – еріктік көзқарас тәжірибесін қалыптастыру болып анықталады.

Дизайнерлік білім беру мазмұны дизайнерлік қызметке мұғалімнің теориялық, практикалық, адамгершілік психологиялық тұрғыдан даярлығы мазмұнының бір бөлігі ретінде ұсынылуға тиіс. Мұғалімнің студенттерді дизайнерлікке оқыту мазмұнын анықтаудың бастапқы нүктесі ретінде теориялық даярлығын айқындайтын білімдер жиынтығы туралы мәселені есептеген орынды. Мұғалімнің дәстүрлі ұғымдағы теориялық даярлығының мазмұнын дизайнерлік білім мазмұнының бірінші бағытымен ұштастыру. Теориялық білім мазмұнын форма, пропорция, форма құрылымы, модель, макет, көркемдік конструкция, жоба, форма әсемдігі, демонстрация, симметрия, ритм, акцент экспозиция, т.б. ұғымдары құрайды. Практикалық іс-әрекеттерге: жоба ізденісі, форма құрау, моделдеу, эскиздеу, маркеттеу, жобалау, безендіру, демонстрациялау, экспозициялау жобаны талдау, жобаны рәсімдеу т.б көркем болады. еңбек дағдыларын қосуға Осы білімдер мен дағдыларды игеру болашақ мұғалімді дизайнерлік болмысты танып – білудің және оны қайта түлетудің теориялық – әдістемелік жолдарымен қаруландыру тиіс. Бұл әдістерді меңгеру қызмет әдістерін, нақты педагогикалық фактілерді, сондай-ақ педагогикалық құбылыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жекелеген жақтары туралы бағамды пікірлерді зерттеуді талап етеді [4].

Болашақ дизайн мұғалімнің практикалық даярлығын дизайнерлік білім мазмұнының екінші элементімен жалғастыру алынған білім негізінде дизайнерлік шеберліктерді қалыптастыруды көздейді. Дизайнерлік шеберлік – теориялық білімдерге негізделген және жоба жасау міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекеттердің жиынтығы.

Болашақ мұғалімнің жоғарыда атап өткен дизайнерлік қызметке даярлығы шығармашылық қызмет тәжірибесінің, әсіресе арнайы ұйымдастырылған аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар арқылы жоғары оқу орнының қабырғасында қалыптасатын болмысқа дизайнерлік шығармашылық көзқарастар тәжірибесі негізгі қызмет атқарады. Шығармашылық қызмет тәжірибесі (дизайнерлік білім беру мазмұнының үшінші элементі) іс-әрекеттердің қатаң жүйесін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Өйткені дизайнердің өзі жасайтын болғандықтан, бұл жүйе әрдайым бұл іс-әрекет бірегей.

Студенттерді дизайн туралы материалдарды шығармашылық тұрғыда пайдалануға интеллектуалдық белсенділігін ұдайы көтеру арқылы үйретуге болады. Дизайнерлік білім беру мазмұнының бесінші бағыты дизайнердің әлеуметтік және кәсіптік көзқарастарын қалыптастыру қажеттілігіне, яғни айналасындағы өмір шындығына, өз халқының тарихын, оның тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, дінін, эмоционалдық бағалау тұрғысындағы қарым-қатынас жүйесіне байланысты туындайды. Бір жағынан көзқарас қазіргі замандағы қоғам алға тартып, ұсынатын талаптарымен, үміт-сенімдерімен және мүмкіндіктерімен айқындалады, екінші жағынан оны ұлттық ой түйсігі, талап-тірегі, дәлелдері, құндылықтары, танымдары, көзқарастары іске қосылады. Педагогтің жеке басының қалыптасуы, мінез-құлқы мен әлеуметтік бағдары, азаматтық іс-әрекеттері мен қызметі оның дәл осы көзқарастарынан көрініс табады.

Педагогтің шынайылыққа деген дәлелдік құндылық қатынас мұғалімнің жеке басының негізін құрайтын бағыттан байқалады. Дизайн пәнінің мұғалімінің ерекше назар аударып, ден қоятын нәрсесі болашақ педагогтің мамандыққа, дизайн пәніне деген өз басына деген қатынастар жүйесінен тұратын, кәсіптік-педагогикалық бағытты қалыптастыру болуы тиіс. Дизайн мұғалімі өз пәнін терең біліп және одан сабақ беру әдістемесін игерген, адамгершілікті жеке басын қалыптастыруға күш-жігерін жұмылдыруы тиіс.

Сонымен, дизайнерлік білім беру мазмұны кәсіпқой дизайнердің біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағдар сілтеу керек, тек қажетті білім, іскерлік пен дағды жиынтығына айналмауы тиіс. Шығармашылық қызмет және педагогикалық қызмет тұтастай алғанда қоршаған әлемге деген дәлелдік – құндылық қатынастар тәжірибесі оның органикалық құрамдары болып табылады. Оның интерпретациясының неғұрлым қолайлы нысаны –

дизайн білімдері, оған практикалық және адамгершілік – психологиялық компоненттер кіреді.

Педагогикалық жоғарғы оқу орнында оқытуға тиісті дәрежеде ұйымдастырылғанда дизайнерлік білім беру мазмұнының барлық төрт бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылуға тиіс. Дизайнерлік білім беру мазмұны аудиториялық сабақтардың алуан түрлі нысандары: лекциялар, семинарлар, лабораториялық – практикалық сабақтар, арнаулы курстар, арнаулы семинарлар арқылы; аудиториядан тыс сабақтар: педпрактика, ғылыми зерттеу және курс жұмыстары, рефераттар, диплом жұмыстары, кездесулер, тақырыптық кештер, дөңгелек стол, лекторилар, экскурсиялар, пікірталастар, конференциялар, конкурстар, көрмелер, КВН, олимпиадалар арқылы іске асырылады.

Дизайнерлік білім беру әдістері: әңгімелесу, пікір алысу, сұхбат, тренинг, сынақтан өткізу, түсіндіру, талқылау, сараптау көрсету, көз жеткізу, жаттығу және т.б. болып анықталады. Дизайнерлік білім берудің құралдары: костюм дизайны, жиһаз дизайны, сәулет дизайны, жарнама дизайны, көлік дизайны, ландшафт және т.б. дизайн түрлеріне қатысты иллюстрациялар, фотосуреттер, макеттер, аудио-видео мүмкіндіктер, виртуалды мүмкіндіктер болып табылады [5].

Дизайнерлік білім беру нәтежиесі: болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің дизайн материалдарын практикалық қызметке пайдалануға қажетті және дизайнды оқытуға қажетті теориялық дайындығы, практикалық дайындығы, адамгершілік – психологиялық дайындығының болуымен айқындалады.

Жоғарғы оқу орындарында оқылатын көркемдік өнер пәндерінің мазмұнын болашақ мұғалімдер даярлаудағы гуманизациялаудың іргетасы болып табылады. Болашақ мұғалімдердің дизайнерлік білімін студенттердің көркемдік – практикалық білімінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Дизайнерлік білім бір тұтас педагогикалық білімнен тыс қарастырылмайды. Дизайнерлік білім болашақ бейнелеу өнері мұғалімдері үшін дизайн негіздері курсы оқу кезінде жүзеге асырылады. Дизайнды оқыту әдістемесінің білімі арнаулы пән ретінде оқытылуы арқылы жүзеге асады.

Дизайнер қызметі, басқалар сияқты ұтымды орындалуын қамтамасыз ететін кәсіби маңызды сапа жүйесі негізінде жүзеге асады. Дизайнердің маңызды кәсіби сапасы ретінде жүйке жүйесінің қасиеті, психологиялық үдерістер, жеке тұлғалық ерекшеліктері, бағыттылық сипаты, білімі мен көзқарасы көрініс табады. Дизайнер қызметінің негізгі ерекшелігі болып шығармашылық және тәжірибелік іс-әрекеттерінің үйлесуі болып табылады. Бұл көрсетілген ерекшеліктер өз кезегінде дизайнер маманының кәсіби қызмет бағдарын анықтап, дизайнер қызметінің ерекшелігін көрсетеді [6].

Жас маман даярлау проблемасы педагогика ғылымындағы зерттелудегі маңызды проблемалардың бірі. Жас маман тәжірибелік жұмыстың барлық бағытында ұжымдағы адаптациясының қажеттігі, маңызды іс-тәжірибелердің жеткіліксіздігі, өз кәсіби қызметінің ұйымдастыру дағдыларының кемшілігі сияқты қиындықтар кездеседі. Осы проблемалардың ішінде шығармашылық мамандықтар үшін маңыздысы негізгі әр түрлі өнердің синтезінен құралатын және кәсіби қызмет болып табылатын дизайн өнері танылады.

Қорыта айтқанда, болашақ дизайнер мамандарына дизайнерлік білім беруді – дизайнның ғылыми негізі туралы жүйелі білімдерді студенттердің меңгеруі, дизайнерлік жоба жасау тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу ретінде тануымызға болады.

### Әдебиеттер

1. Могильная А.В. Развитие профессионального дизайна как фактор повышения конкурентоспособности. Промышленность Казахстана. 2006.- №37.-С.52-53.
2. Глазычев В. Очерки по теории и практике дизайна на Западе. М: Искусства, 1970.
3. Другов Д. Человек - образ жизни – дизайн интерьера. -М.: Изд.цент. «Табурет», 2001.
4. Иттен Н. Искусства цвета. -М.: «Гелла-Принт», 2000.
5. Ералин Қ, Ералина Ғ. Дизайн негіздері. 2012ж.
6. Кантер К. Дизайн в противоречивиях культуры и природы. -М.: Интер-Эксперт, 2000.

### References

1. Mogilnaia A.B. Developing a professional design as a factor in uncompromising ability. Industry of Kazakhstan. 2006.- 37.-С.52-53.
2. Glazhev V. Theory and Practice of Design in Zapad. M: Arts, 1970.
3. Drugov D. Personality - image of life - interior design. -M .: Researcher. Stool, 2001.
4. Itten N. Art is in color. -M .: "Hell-Prints", 2000.
5. Eralin K., Eralina G. Design basics. 2012.
6. Canter K. Designs in anti - inflammatory culture and perfumes. -M .: Inter-Expert, 2000.





*Крыкбаева Сара Мукашевна  
өнертану кандидаты, қауымд. проф.м.а.  
Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті,  
Қазақстан, Алматы қ. sarakm@yandex.ru*

### **Аннотация**

Бұл мақалада заманауи өнер туындыларындағы көркемдік бағыттардың үрдісі баяндалады. ХХІ ғасырда заманауи дүниетанымдық көзқарастар бейнелеу өнерінде түрлі стильдер мен бағыттарды қалыптастыра бастады, дегенмен олар бүгінгі күні түсінікті болып, айқындала қойған жоқ. Осындай көптүрліліктің болашағы зор екендігін көрсетеді. Барлық қоғамдағы парадигмалардың ауысуына қарамастан дәстүрді сақтау мен сабақтастығын жоғалтпау бүгінгі таңда ең маңызды мәселе. Сондықтан бейнелеу өнері көбіне өткен кезеңнің бейнелеу өнерінің жетістіктеріне қайта оралатынына таңданбаймыз. Дәстүрлі қазақ өнері еуропалық классикалық өнерді заманауи көркем тілмен айқындауға бағытталады. ХХІ ғасырда өнердің әлемдік аренасынан танымал бола бастаған заманауи қазақ кескіндеме өнері бүгінде қай бағытта дамуда деген мәселе барлығын да мазалайды.

### **ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ ИСКУССТВА**

*Крыкбаева С.М.,  
кандидат искусствоведения, и.о.асс. профессор Казахский Государственный женский  
педагогический университет, sarakm@yandex.ru;*

### **Аннотация**

В данной статье докладываются процессы художественной направлений современном произведении искусства. Двадцать первого века, в современном мире стали разрабатывать различные подходы к стилей и художественных направлений, но сегодня становится ясно, что они не были определены. Указывает, что перспективы такого разнообразия. Несмотря на зыбком парадигм общества для сохранения и поддержания непрерывности традиции, сегодня самый важный вопрос. Таким образом, изобразительное искусство часто удивляются в виду восстановление изобразительного искусства достижений предыдущего периода. Казахское традиционное искусство классического европейского искусства, будет использоваться для определения языка современного искусства. Двадцать первого века, искусство стало популярным на мировой арене современной казахской живописи сегодня, как говорят, развивается в направлении, в котором все заинтересованные.

## SUPERFICIAL ORIENTATION IN CONTEMPORARY ART PAINTINGS

*Kyrykbayeva Sara Mukashevna*  
*Candidate art., Ass. Professor of the Kazakh State Women 's Society*  
*Pedagogical university. Kazakhstan, Almaty, [sarakm@yandex.ru](mailto:sarakm@yandex.ru)*

### Annotation

In the present article, the process of artistic directing is the art of contemporary art. The twenty-first century, the modern world began to develop different approaches to art styles and directions, but today it is becoming clear that they have not been determined. Indicates that the prospects of such diversity. Despite the shifting paradigms of the society to preserve and maintain the continuity of the tradition, today the most important issue. Therefore, the visual arts are often surprised in mind restoration of fine arts achievements of the previous period. Kazakh traditional art of classical European art, will be used to determine the language of contemporary art. The twenty-first century, art has become popular in the global arena of modern Kazakh painting today is said to be developing in the direction in which all concerned.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсетіп жүргендей, біз 2050-дің мақсатына қарай күрделі жаһандық бәсекелестік жағдайында ілгерілейміз, оған жету тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, ғылым мен білім негіздерін нығайту және қазақ көркемөнер кеңістік аясын кеңейту мен оны жан-жақты зерттеу маңызды үлестердің бірі екендіктен болып отыр [1].

Қазақстан кескіндеме өнері XX ғасырда орын алған оқиғалармен байланысты. Өткен ғасырдың басында, яғни жиырмамыншы-отызыншы жылдары қазақ кескіндеме өнерінің стильдік бағыты қалыптасты және айқындалды. Ал заманау қазақ өнерінің моделі қоғамдық және интеллектуалды өзгерістері өз таңбасын қалдырған өткен ғасырда қалыптасты.

Осы кезден бастап – қазақ мәдениетін бұза жарып отырып, ұлттық құндылықтарымызды жоққа шығарып, еуропалық мәдениетпен толтырып және оларға сәйкестендіре жаңаша кеңестік жүйеге, яғни қалыпқа салу үрдісі басталды. Осы кездерде тағдыр тәлкегімен Қазақстанға жер аударылып келген ресейлік суретшілердің қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуында үлкен рөл ойнады. Олар: Н. Хлудов, А. Черкасский, В. Эйферт, Л. Брюммер, Л. Леонтьев, С. Калмыков, В. Стерлигов және т.б.

Дегенмен, қазақ көркем өнерінің қалыптасуына олардың әсері болғанымен, қазақ жастарының Мәскеулік, Ленинградтық көркем училищелері мен академияларынан алған білімі айрықша, айтарлықтай қомақты үлестерін қосты.

Жаңа заманауи өнер XIX ғасырдағы импрессионистерден бастау алады және олар дүниежүзілік өнерде қандай да бір рөл ойнады. Импрессионистер итальяндық, сосын француздық догмаға жеткізген классикалық өнердің жүйесін бұзды, жаңа кескіндемелік

үдерістердің дамуына күшті серпін берді. Импрессионистер ашқан еркіндік, бейнелеу өнерінде әртүрлі жолдарды ашты, ол әрбір суретшінің өзінше ашылуына мүмкіндік берді. Импрессионистердің күші, кескіндемеге деген ортақ көзқарастардың болуында еді. Топқа біріккен импрессионистер, дәстүрлі өнермен тең келіп қана қойған жоқ, өнердің жаңалықтарын жарқын етіп көрсете алды.

Қазақ кескіндеме өнерінде импрессионистік принциптердің жазу мәнері мен әдіс-тәсілдеріне көбірек көңіл бөлді. Мысалы С. Мәмбеевтің шығармашылығы импрессионизмнің техникалық тәсілін ұлттық көркемөнер дәстүрлеріне сай синтезделген. Қазақстан авангард суретшілерін зерттеуші, өнертанушы Х.Х. Труспекова: «Кеңес көркемөнерінде суретшілердің көпшілігі социализм шындығының талаптарына нұсқан келтірмей импрессионизмнің стилистикалық ұстанымдары мен техникалық қабылдауларын пайдаланды» [2, 7 б.]. - деп, осы өкілдің қатарына О. Тансықбаев, М.Кенбаев, А. Бротников, А. Ғалымбаева, Г. Исмаилова, А. Исмаилов және кенепке сурет салуды бастаған С. Романов пен Ж. Шарденов сынды кескіндемешілерді жатқызады.

Қазақ кескіндеме өнерінде импрессионизм мен постимпрессионизмнің тәсілдері бейнелеу өнерінде жаңа ізденістерді талап етті. Алпысыншы-жетпісінші жылдардың бірегей суретшілері болып саналатын Ш. Сариев, О. Нұржұмаев, Б. Табиев, Т. Тоғысбаев, А. Сыдыханов секілді суретшілердің шығармаларында посимпрессионистік нышандар байқалады. Батыс Еуропалық көркем мектепте XIX ғасырдың соңында көркем ағым да, бағыт та емес постимпрессионизмнің дамуын өнертанушылар ғылымдағы көптеген жаңалықтардың ашылуымен, этнографияның ғылым ретінде танысуымен байланыстырады. Түрлі үңгірлердегі росписьтердің, алтыннан жасалған әшекейлі бұйымдардың табылуы, еуропалық әлемнің кеңістігін кеңейтті, ал бұл суретшілерге таныс емес эстетиканың көкжиегін аша түсті. Егер де қазақ суретшілерінің шығармашылығынан жаңа пластикалық көркем тілдің нышандарының байқалуын қарастыратын болсақ, алпысыншы-жетпісінші жылдарға тура келері анық, ал бұл қазақ этнографиясының ашылуларымен сәйкес келері анық. Демек, еуропалық көркем мектептердегі жаңа көркем тілдің пайда болуы ғылыми жаңалықтар мен этнографияның ашылуларымен тура келетін болса, қазақ кескіндемесінде де осындай қатар келулер бар. Бұл көркем шығармашылықтың дамуында қандай да бір ортақ заңдылықтардың барлығын айқындай түсті.

Токболат Тоғысбаевтың шығармаларында ұлттық дүниетаным мен түсініктер жаңаша кескіндемелік және пластикалық көркем тілмен жазылды. «Түстік шешімнің сәнділігі, композицияның өрнекті ырғағы, жалпы рәмізділікке деген ұмтылыстар осыдан шығып отыр. Онда суретші балалық шағынан жаңғырып шыққан естеліктерді, ауылының қадірлі салттарын, табиғатты, яғни өзінің мұраттарын канонға сыйғызады» [3, 5б.]. Өнертанушы Л.

Уразбекова Токболат Тоғысбаевтың алғашқы кескіндемелері «тағылық» және әлемдік өнер білімімен қызыққан «жаңа мәденилігімен» әсер етеді деген. Оның шығармаларында екі жақты кереғарлық үнемі жүріп тұрады: дәстүрлілік пен заманауилық, қондырғылы кескіндеме мен монументалды сәнділік, шынайы мен перцептуалды кеңістік. Суретші фольклор маманы болмаса да, ол ұлттық рухани естелікті алып жүруші болғандықтан, оның шығармашылығы ұлттық дүниетаным мен мифологиялық архетип жасырын түрде көрініс тапқан. Оның декоративті-монументалды кескіндемелерінде түстерді көру мен түстерді сезіну кезеңдердің қалыптасуы айқын көрінеді. Басқа мәдениеттердің әсері күшті жүріп тұрған кезеңде шығармашылығын өзінің рухани қайнар бұлағына бағыттауда кескіндемешінің этнобиологиялық естелік коды жұмыс жасайды. Оның алғашқы кескіндемелері «Ұя», «Сырмақ» (1973-1978), «Асхана» (1973), «Далада туылу» (1982), «Уют» (1987) картиналары «ырғақты принцип пен декоративті пластикалықлығымен ерекшеленеді және онда Анри Матисске еліктеу айқын көрініп тұр», деп Л. Уразбекова Т. Тоғысбаев шығармашылығын қазақ кескіндеме өнеріндегі «неотрадиционализм» бағытына жатқызады. Оның ерекшелігі – заманауи кескіндемелік әдіс-тәсілдер мен оның үдерісінің өзектілігі, көшпелілердің кеңістік пен уақытты белгі мен бейнелеуші пішіндерде ұғыну формасы екенінде және бір айта кететін нәрсе міндетті түрде бір дәстүр алынады – исламға дейінгі және пұтқа табынушылық [3, 86]. Суретші классикалық дәстүр мен жаңаша қолтаңбалық ізденістер үстінде болды. Әдеттегідей бейнелеуден бас тарта отырып, «шынайы дүниені бейнелеуде» заттың көзге көрінетін сыртқы көрінісіне ғана емес, материалдылықтың ішіне үңілу, көңіл-күйге, сана астына терең бойлай ену, пластикалық жүйелерді әдейілеп қайта кодтау – бұның барлығы авангардтық өнер бұлағын шырғап, алдыңғы планға тек жаңаша, таңқаларлықтай көркем тілді ұсынды. Т. Тоғысбаев классикалық көркем тілді халықтық сәндік қолөнерімен тоғыстыра келе, мінсіз колорит ойлап тапты. Суретші заманында жаңаша ізденістерді интуитивті түрде сезініп, ұлттық модернистік бағыттың қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Ш.Сариев, Т.Тоғысбаев, А.Сыдыханов, және т.б. қазақ суретшілерінің шығармашылықтарында көрініс тапқан фовистік үрдістерде «басқаның тәжірибесін пайдаланғанымен, өзге тілде жазған жоқ» [2, 104б.].

Суретші А. Сыдыхановтың композициялық құрылымында орта ғасырлық дәстүрлі сәнділік стиль жақын. Оның бірінің артына бірін қабаттастыра орналастырған фигуралар және олардың кері перспективада орналастыру, айшықты қанық түстер, қатаң сұлбалы фигуралар осыны аңғартады. Мысалы, «Айтыс» (1969ж.), «Көтерілгендер» (1969ж.), «Ақындар дауысы» (1969ж.) шығармаларында кеңестік кезеңнің рухы сезіледі. Ол саяси тақырыптардың поэтикалық шешімін тапқан суретші. Жиырмамыншы ғасырдың

алпысыншы, жетпісінші жылдарында жазылған А.Сыдыхановтың туындылары соцреализм идеалдарын жыр етеді. Еңбек пен тақырыбы кеңестік идеологияның ең кең тараған тақырыбы. Суретші қияли кеңістікті жасап, ауыр физикалық еңбекті жеңіл темекі жапырақтарынан моншақ тізіп отырғандай, өте сәнді, әсем көріністе бейнелейді. А. Сыдыханов кеңістікті романтикалық ұстанымда сұлу әйелдердің кербез қимылын «матистік биді соцреалистік канон арқылы» [2, 110б.] көрсетеді. Оның «Тоғызыншы ықшамауданы» туындысының «барлық композициялық құрылымы, жазу техникасы, бізді постимпрессионистерге сілтейді, П. Гогеннің таитилік мадонналарына, әрине онда қала пейзажының мүлдем жоқ екендігі бос емес: ықшамаудан бір шетте ғана және ол картинадан ешқандай да орын алмайды, алдыңғы планда – «қарапайым» адам бақыты: бала мен ана» [2, 110б.]. А. Сыдыханов соцреалистік канонды орындай отырып, өзіне тән дара қолтаңбалық ізденісте болды, сондықтан ол түстік, реңдік шешімдері мен композициялық құрылымы мен орындалу техникасы өзгеше көзге бірден түсетін картиналар жазды. Суретшінің алпысыншы, жетпісінші жылдардағы көркем ізденістері бұнымен тоқтап қалған жоқ, оның рәмізді картиналарында жазу әдісі ерекше қолтаңбаға ие болды және ол суретшілерге жаңа көкжиек ашты.

Бейнелеу өнерінде бірізділік дамудан параллельді дамуға көше бастады. Бұл үдерістер тек еуропалық көркемөнерде ғана жүріп жатпады, егер де қазақ кескіндеме өнерін алып қарайтын болсақ, онда да алпысыншы жылдардан бастап жаңаша қолтаңба ізденістер айқын көрінеді. Суретшілер олардың арасындағы стилистикалық өзгешеліктерін шайып жіберіп, бір кезеңде бірнеше көркем кеңістікте тұрды.

Әрине бұл мәселе барлық суретшілерді қызықтырмағанымен, біз қазақ кескіндеме өнерінде екі бағыттың айқын көрініс тапқаны байқалады – соцреализм және «неодәстүршілдік». Көркем ізденістер барысында суретшілердің шығармашылығында кәсібилік пен дәстүрлі әдіс-тәсілдер суретшілердің жазу мәнерінен байқалады, тіпті түрлі измдердер де жүріп жатты.

Өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдарының басында қазақ-кеңес суретшілерінің үшінші буыны: Б.Түлкіев, Е.Төлепбаев, М.Аманжолов, Д.Әлиев, К.Дүйсенбаев, Г.Баянов, А.Ақанаев, К.Моллашев және басқалары шықты.

Жиырмамыншы ғасырдың жетпісінші жылдарында монументалист суретшілердің шығармаларынан символизммен тоғысу байқалады. «Символизм (sempolon грек тілінен- белгі, рәміз) – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Еуропа өнерінде әдебиет пен бейнелеудегі бағыт. Рәмізділік реализм мен натурализмнің эстетикалық және көркем тәжірибелеріне алтернативті пайда болған. Символизмнің негізіне «рәміздердің» – әмбебап бейнелерді, белгіні, мазмұн мен мағыналардың сансыз мәнін түсіну. Өнердегі символизм – шектеулі

адам санасы арқылы адам көзіне көрінбейтін, қараңғы тұңғықты интуитивті түрде сезіну арқылы беру. Символистердің дүниетанымдық тұжырымы адамның көзіне көрінетін нағыз шынайы дүниенің ар жағында, бұлыңғыр көрінетін біздің дүниеміз бар деген идея. Бізбен болып жатқандардың барлығы кенеттен, күнделікті санамыздан жасырын, оған жетудің жалғыз жолы – шығармашылық» [4, 87б.]. Бейнелеу өнеріндегі символизм – өте күрделі, біртекті емес, ортақ көркем тілі қалыптаспаған. Батыс Еуропалық символистер үнемі аллегорияға, мифологияға және библиялық сюжеттерді бейнеледі. Сондықтан символизм әдебиетпен, ондағы бейнелерге көп оралады. Өте ертеде болған символизм XIX-XX ғасырларда модернистік эстетикамен тығыз араласып кетеді. Символизм бағыты ретінде бұл стиль «Наби» тобын қалыптасырды. Оның басында Францияда П.Серюзе, Германияда М.Клингер, Австралияда Г.Климт, Чехияда А.Муха және т.б. суретшілер тұрды. Орыс кескіндеме өнерінде алғаш рет М.Врубель шығармашылығында байқалады, ол кейіннен «Көгілдір раушан» (В. Борисов- Мусатов) мен «Өнер әлемі» (А. Бенуа, К.Сомов, Л.Бакст, М.Добужинский және т.б.) бірлестігінің суретшілер шығармашылығында жалғасын тапты.

Қазақ суретшілері символизмге терең бойлай қойған жоқ. Мысалы, символизм авангард өнердің қарсаңы болатын, бірақ қазақ шеберлері үшін өнердегі символизм өз түсініктеріне ие болды. Оның негізгісі этникалылық пен менталдылық сана ерекшелігі, XX ғасырдағы орыс өнерінің әсері және кеңестік көркем ортаның белсенді өзгеріп отыруы болды.

Барлық әлемдік авангардты «измдерден» символизм мен примитивизм қазақ кеңестік өнеріне кезегімен енеді. Қазақ кескіндемешілерінің символизмі халықтың дәстүрі мен салтынан, дүниетанымдық мифологиялық түсініктері мен көркем қабылдау ерекшеліктерде құрылғандықтан, еуропалық өнерден өзгешеленіп тұрды. Кейінгі буын жас суретшілер қатарына - Е. Төлепбаев, Х. Абаев, Д. Әлиев, А. Аканаяев, М. Аманжолов және т.б. жанрлардың жаңа тенденцияларын қамтыды.

Заманауи үрдістерге келетін болсақ, заманауи өнер өзінің келбетін үнемі өзгертіп отырады. Қатар өмір сүретін классикалық ағымдармен қатар, басқа бейнелер басымдылық танытатын, мәселелер мен жағдайды басқаша түсіндіретін, жаңа өнер ағымдары пайда болып отырады. Мысалы, 60-70 жылдары еуропалық бейнелеу өнерінде концептуалды және минимализм негізгі рөл ойнаса, қазақ бейнелеу өнерінде ұлттық қолтаңба озық шықты, Осы кезден бастап адам бейнесі басқаша қарастырылып, қоғамдық мәселелерге деген қызығушылық артты. Қазір әлемді таң қалдыру қиын. Оған дүниежүзілік өнер жетістіктері айғақ. Өнер - мәнімен, мағынасымен, білімділік хабарымен қымбат. Қазіргі көркем шығарманың өзі интеллектуалды өнерге айналып жатқаны сол үдерістің көрінісі.

Әр өнер адамы - тұтас бір әлем. Бүгінгі өнер өресі мен эстетикалық талғамы терең теңіздей, заңғар биік болуы ықтимал. Қазақ шығармашылығының бүгінгі сұранысы әлемдік

жаһандық үдерісте өз орнын әлемдік көркем тәжірибенің нәтижелерінен қалыс қалмайтын ұлттық келбетінде.

Айшықты түстер мен бейнелерге деген қызығушылық XX ғасыр өнерін өзгертті. Бүгінгі даму үрдісі үстіндегі XXI ғасыр өнерінің көркем бағытын анықтап, айқындау қиын. Өйткені қажеттіліктен кездейсоқтықты ажыратуға, оның тұрақтылығы мен болашағын айқындауға, уақыт өте қойған жоқ.

Қорыта келе, XXI ғасырда жаңа көркем сананың дами бастағанын біз тек белгілеп қана қоймаймыз, шын мәнінде де жаңа тенденциялардың адамзаттың дүниеге деген көзқарасының өзгергенінен, бұрынғы кейбір құндылықтардың құнсызданғанын байқаймыз. Бұл жаңа ғасырда өнердің жаңа стильдері дамуда дегенді де білдірмейді, ол көркемөнерде тұрақты, жалпы маңызды, жаңа көркем пішіндерге жол ашатын, айқындаушы әдістердің қалыптасуы. Өткен ғасырдың көркем үдерісінің ерекшелігі, ол кезде бірнеше көркем үрдістер кезекті дамымастан қатар дамыды және сонысына қарамастан олар бірдей қабылданды.

Ұлттық тақырыптардан бастап, реңдік, композициялық құрылымдар ұлттыққа қарай ойысып, онда тіпті кейбір қазақ дүниетанымы мен дәстүрлі өнеріндегі түсініктер мен элементтер картинаның мазмұндық ерекшелігін айқындай түсті.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Труспекова Х.Х. Авангардые идеи XX века в живописи и актуальном искусстве Казахстана. Алматы, 2011-376 бет. (14 б.).
3. Уразбекова Л. Токболат Тогысбаев // мастера изобразительного искусства Казахстана. 3 выпуск. / Ергалиева Р.А., Труспекова Х.Х., Каргабекова Р.И. и др. / - Алматы, 2004, 172 с.
4. Все о стилях и течениях в современном искусстве / сост. И.И. Мосин . – Вильнюс, UAB “Bestiary”, 2013. - 112 с., ил.

### References

1. Republic of Kazakhstan Republic of President N.N. Nazarbaev. . Message of the people of Kazakhstan zasostanaldauy. 17 January. 2014.
2. Truspekova Kh. The idea of the twentieth century in painting and the actual art of Kazakhstan. Almaty, 2011-376 pages. (P. 14).
3. Urazbekova L. Tokbolat Togyzbaev // Master of Arts in Kazakhstan. 3 Outputs. / Ergalieva RA, Truspekova HH, Kargabekova RI И др. / - Almaty, 2004, 172 p.

4. All the same styles and trends in modern art / сокр. II Moussin. - Vilnius, UAB "Bestiary", 2013. - 112 pp., P.







## БАҒАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

*Медеубаева Кенжехан Турапбековна, п.ғ.к. қауымд. проф.м.а.  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
medeubaeva\_kt@mail.ru*

*Садирбекова Динара Қалымбекқызы, п.ғ.м., PhD докторант  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
diko82-@mail.ru  
Алматы қаласы*

*Қазақстан Республикасы  
Сейтенова Салима Сейтеновна, п.ғ.к., доцент  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы  
seitenova\_ss@mail.ru*

*Қылышпай Баян Сағындыққызы, п.ғ.м., аға оқытушы  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қаласы  
Қазақстан Республикасы*

## ЗНАЧЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ОЦЕНИВАНИЯ

### В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

*Медеубаева Кенжехан Турапбековна, к.п.н., и.о. ассоц. проф.  
Казахский государственный женский педагогический университет  
medeubaeva\_kt@mail.ru*

*Садирбекова Динара Калымбековна, м.п.н., ст. преп. PhD докторант  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
diko82-@mail.ru  
Алматы, Казахстан*

*Сейтенова Салима Сейтеновна, к.п.н., доцент  
АРГУ Актюбинский региональный государственный университет  
имени К.Жубанова  
Актобе, Казахстан*

*Қылышпай Баян Сағындыковна, магистр пед.образования, стр препод  
Казахский государственный женский педагогический университет  
Алматы, Казахстан*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада бағалау технологиясының оқу үдерісіндегі маңызы қарастырылған. Білімді бақылау және бағалаудың әдіснамасын құрып, жалпы қағидаларын анықтау қазіргі таңда оқытушылар арасында қызу талас туғызып отырған мәселенің бірі. Мұндағы күтер нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан – жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Білім саласының инновациялық даму жолына сапалы көшуіне тікелей байланысты болғандықтан, бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бағалаудың ең басты мақсаты, білім игерудегі жетістіктерді анықтау, үйренушінің өсу және даму қарқынын анықтау, белсендіру, ынталандыру, баланың өсіп жетілуін анықтап, әр баланың

тәжірибесінің табысты болуына себін тигізу. Осы бағалаудың мақсатынан білім беру үдерісіндегі бағалаудың маңызы айқын көрініс алады.

**Кілт сөздер:** бағалау технологиясы, инновациялық даму, білімді бақылау және бағалау, рефлексия, жеке тұлға, танымдық белсенділік, мотивация.

**Резюме:** В этой статье рассмотрено значение технологии оценивания в учебном процессе. Контроль знания и разработка методики оценивания, одна из проблем пророждающая дилемму среди преподавателей на сегодняшний день. Отсюда результат: воспитание разносторонне развитого индивида в соответствии с требованиями современного общества с высокой социальной адаптацией, культурного, воспитанного в национальном калорите, умеющего пользоваться знанием и жизненными навыками. Поскольку качество напрямую связано с переходом на инновационный путь развития сектора образования, чтобы решить эти проблемы школьных групп, изо дня в день интересов учителей всех новостей и реконструкции, открыть путь к новой решающей практике изменений, необходимо, чтобы перейти к новым отношениям. Основной целью оценки достижений в развитии образования, выявление, определение темпы роста и развития, активизация, поощрение учащихся, выявление роста и уровня развития ребенка, продвижение опыта успеха каждого ребенка. От этой цели оценивания четко отражается ценность оценивания образовательного процесса.

Білім берудің мемлекеттік бағдарламасында білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты бүгінгі заман талабына сай білім беру жүйесінің халықаралық талаптарға сай дамыту міндеті тұр. Сол себепті қазіргі уақытта мұғалімнің алдында тұрған жауапты міндет – білім алушыға тиянақты білім беру. Оқыту үдерісінде білім алушылардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін туғыза білу, білім алушының білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше. Озық ойлы, тапқыр да, шығармашыл, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт – бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әрбір ұстаздың міндеті. Осы заманғы әрбір жас маман тек дайын білім жүйесін қабылдап, оны қайталап қолдануға ғана емес, сонымен қатар күрделі стандартты емес мәселелерді шешу үшін қажет болатын шығармашылық қызметті де орындауға әзір болуы керек [1].

Қазақстанда жоғары білім беру стандарттарын енгізумен қатар, ғылыми негізделген, білім алушы білімін бағалайтын және бақылайтын диагностикалық әділ жүйені ұйымдастыру да – өзекті мәселенің бірі. Басқа сөзбен айтқанда білім беру жүйесінде білім алушымен оқытушы әрекеті барысында білім алушы білімін әділ бағалау үшін қолайлы жағдай туғызу керек. Білімді бақылау және бағалаудың әдіснамасын құрып, жалпы қағидаларын анықтау мәселесі – қазіргі таңда оқытушылар арасында қызу талас туғызып отырған мәселенің бірі. Мұндағы, күтер нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Соңғы кезге дейін Қазақстанның оқу орындарында қолданылған, білім сапасын бағалайтын жүйе – бес балдық баға шкаласы болды. Мектептерде осы шкала әлі сақталған. Мұндай баға шкаласы тек сессия уақытында ғана емес, ағымдағы білім деңгейін бақылауда да қолданылды. Аталған мәселені шешу үшін келешекте жұмыс жасайтын 12 жылдық бейіндік мектептерде оқытудың мақсатына, міндетіне және күтілетін нәтижесіне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін енгізу қажеттілігі осыдан туындады. Білім саласының инновациялық даму жолына сапалы көшуіне тікелей байланысты болғандықтан, бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. ХХІ ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез-келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми-техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Инновациялық процесс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әртүрлі қарым-қатынастар кешенін өз қарамағына алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [2]. Осы орайда, білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асыру – білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген оқу орындары оқыту процесін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде. [3] Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы. «Технология» ұғымы «tehne» – өнер, шеберлік, «logos» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, «технология» терминін «өнер туралы ғылым» немесе «шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады.

«Білім беру технологиясы» ұғымын мұғалімдер мен оқушылардың білім берудің жоспарланған мақсаттарына бағыттанып, арнайы ұйымдастырылған өзара қарым-қатынас процесі технологиясы ретінде қолданамыз. Білім берудің технологиясына – оқытудың

техникалық құралдары, білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту да жатады.

Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;
- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;
- мұғалім мен білім алушының өзара қарым - қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді. Осы заман талаптарына сай бсы заман талаптарына сай білім беру үдерісінің түбегейлі өзгеруіне байланысты, осыған сай бағалау жүйесі де жаңаша түрге көшу қажеттігі туындайды. Сыныптағы бағалау тек техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез-келген нысанның артында объективті немесе объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады. Шынында да, бағалаудың артында баланың ынта-жігері, қабілет-қарымы, оқуға деген қызығушылығын арттыруға болатынын тәжірибеде көз жеткіздік. Дәстүрлі оқыту жүйесінде баланы бағалауда тек мұғалімнің ғана ықпалы болатын және көбіне баланың жауап беру стиліне қарап салыстырмалы немесе ынталандыру бағасы қойылатын. Сұрақ дұрыс қойылғанда, дұрыс жауап алынады, сұрақ қою арқылы баланың ойлау қабілеті артады. Сұрақ қоюдың техникаларын пайдалану кезінде баланың білімін анықтауға және алға қарай жетелеуге болады. Балалардың өз білімін өзі бағалауы және сыныптасын бағалауы маңызды. Әрі қарай өзін қалай дамыту керек екенін, нені үйренгенін және нені үйрену керек екенін оқушылар өздері шешу керек және одан арғы қызметті өздері белгілеулері қажет. Мысалы оқушыларға өзін-өзі бағалау кестесін берген кезде оқушылар өзінің білімінің қандай деңгейде тұрғанын бағалай алды және алдағы уақытта нені білу керектігін анықтай алады. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, бағалайды. Әділдік пен шыншылдықты үйренеді. Өзін-өзі бағалау мен топ басшысының бағалауы кезінде бірнеше критерийлер қойылып, сабақ басталарда оны түсіндіріп өту тиімді және сабақ соңында талдау жасалса бағалау шынайы болмақ. Критерийлерді оқушының өзіне қойғызуға болады. 10 немесе 12 ұпайға негізделген критериалды жүйе қолдану тиімді секілді. Себебі 12 ұпайлық жүйе оқушылардың теориялық жетістіктерін барынша объективті бағалауға мүмкіндік береді. «1» мен «12» ұпайдың арасындағы көрсеткіш оқушылардың деңгейін бірден айшықтап береді. Сондықтан критериалды ұпай жүйесін қолдану баланың білім деңгейінің нақты көрсеткіштерін айқындайды [4].

Баланың оқу және тәрбие саласындағы жетістігі тікелей мотивацияға байланысты. Барлық жинақталған білімді меңгерудегі ынталандырудың әсері, дағды мен әдеттерді қалыптастыруы, өзінің белгілі жеке сапалы қасиеттерін жетілдіруіне байланысты. Барлық қабілеттер баланың жетістікке жетуіне кепілді бола алмайды. Қажетті мотивацияның баланың бойында болмауы оқу әрекетіне бейімделмейді және сонымен қатар әлеуметтік тұрғыда да аз белсенділік көрсетеді. Мотивацияның тапшылығы болған жағдайда бар мүмкіндіктері қабілетке айналмайды, интеллектуальді және жеке қабілеттері өте бояу дамиды. Қолайлы жағдайдың болмауы да әсер етеді. Қорытынды нәтижесінде баланың жеке дамуы қалыптасып, жаңа біліммен, әдеттерді қажеттілік ретінде сезіп, өзін-өзі жетілдіруге және дербес дамуын жетілдіруге тырысады. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде маңызды

қорлардың болғанымен, бірақ тәжірибиеде мотивацияның жеткіліксіздігінен барлығы қолданылмайды. Мұндай жағдайлардың себептері әртүрлі. **Біріншіден**, барлық мотивтердің белгісіздігі, балалардың әртүрлі жасы, әртүрлі индивидуальді ерекшеліктері оқуда қалыптасады. Жеке, сапалы, жана қарым-қатынастар, білім, дағды және әдеттер қызығушылықтың негізінде байқалады. **Екіншіден**, біздер өсіп жетіліп және педагог қызметін атқарғаннан кейін барып алғаш рет балалардың оқу мотивтері жөнінде ойлана бастаймыз, бала бақшадан шыққанымыздан соң барып балалардың тәртібі жөніндегі мотивтер, түпнұсқалар мен болжамдар туралы ойланамыз. Біздің берген болжамдарымыз бен ойларымыз дұрыс шығуына кепілдік бере алмаймыз. Біз негізінде балалардың бойында жоқ нәрсені бар деуіміз мүмкін және оларға ненің маңызды екеніне мән бермеуіміз де мүмкін, оқыту және тәрбиелеуде дәлеліміз дұрыс болуы да мүмкін. **Үшіншіден**, балалар арасында әртүрлі индивидуальді айырмашылықтар болады, бір балаға бір нәрсенің оған маңызды болуы, келесі балаға мүлдем қызықсыз болуы да мүмкін. Ең соңында **төртіншіден**, мотивацияның өзі, жинақталған мотивтің өзі де кейде бір жағдайға орай өзгермелі болады. Бұл себепке орай оқыту және тәрбиелеу негізінде жағдайдың бірі қызықты болып келесі біреуіне қолайсыз болады. Оқыту мен тәрбиелеудің ең басты міндеті осы негізгі айтылған төрт мотивацияның өзгеру себебіне байланысты. Мотивацияның төмендеуіне жол бермей тәжірибие жүзінде тиімді шартты қолдана білуге үйрену.

Балаларды оқыту және тәрбиелеу мадақтау мен жазалау жүйесіне негізделеді. Мадақтау психологиялық ерекшеліктің ұнамды қасиетінің дамуына ынталандырса, ал, жазалау теріс қылықтың шығуына кедергі болады. Егер тәжірибие жүзінде тек қана мадақтау қолданылып, жазалау қолданылмаса, онда баланың бойында сапалы, ұнамды қасиеттермен қатар, теріс қылықтар дамиды. Егер де керісінше оқу-тәрбие процесінде тек жазалау ғана қолданылса мұндай жағдай балалардың теріс қасиеттерінің шығуына жол бермеуі де мүмкін. Сонымен бірге ұнамды, сапалы қасиеттердің дамуына кедергі келтіреді. Мадақтау мен жазалауды бір-бірімен байланыстыра білсе ең қолайлы мотивацияны қамтамасыз етіп, ұнамды қасиеттердің дамуына жағдай тудырады, ал, бір жағынан теріс қылықтардың тууына кедергі жасайды. Ұстаз шәкерттің теріс істері мен қылықтарын дер кезінде көре біліп, ретті жерінде оған түрлі жазалау шараларын да қолданып отырғаны дұрыс. Жазалаудағы **негізгі мақсаты** – теріс жолға түскен баланы қайтадан жақсы қасиеттерге бой ұсындыру. Мұның мәні де осында. Жазалауды да мадақтау сияқты аса ептілік, ерекше байсалдылықпен пайдалану қажет. Тіпті төменгі сынып оқушыларының да өздерінің тәртіпсіз істерінен ұялатын, жапа шегіп, қапаланатын кездері болады. Адамның кінәсі үшін әділ жазалау кісіні қатты ойландырып, бұл оның мінез-құлқын түзете бастауға себепші болады.

Шәкірт нақты кінәсіне сәйкес жазаланғанда ғана босқа зәбірленбей, қолайлы көңіл-күйін басынан кешіреді. Егер ол теріс жазғырылса бұл оның тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Егер мұндай жағдай қайталана берсе ол, әділеттік, шындық деген ұғымға жөнді мән бермейтін, тіпті пысықырып та қарамайтын болады. Орынсыз жаза оны ашушаң, ызақор, кекшіл, қасарыспа, не қорқақ, жігерсіз, әр нәрсеге селсоқ қарайтын күйге түсіруі де мүмкін. Кейде оқушының көре-тұра оны жазаламаудың да кесір - кесапаты аз болмайды. Шәкірт оқыс қылықтарды әдейі жасамай, оны балалығымен, білместік, аңғарымсыздығынан да жасайды. Ал, енді бір оқушы мұны орынсыз батылдығы мен сотқарлығына, қасарыспалығына қарай істейді. Мәселен, бала терезенің желдеткішін ашамын деп оның әйнегін сындырып алса, екінші бала оны жолдасымен алысып жүріп сындырады. бұл жерде осы екі балаға бірдей шара қолдануға болмайтыны белгілі. Өйткені, екеуінің кінәсі екі түрлі, сондықтан екеуіне екі түрлі жаза ойлап табу қажет.

Шара қолдану мәселенің түпкі себебін іздеудің басталуы қажет. Өйткені, әр уақытта да себепсіз ештеңе болмайды. Сондай-ақ, адамның теріс қылықтарын айыптап тиісті жаза қолданып отыру белгілі талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұлардың кейбірі мына төмендегілер:

**Біріншіден**, жазалау әр уақытта әділ, адамның кінәсіне лайықталып берілуі қажет.

**екіншіден**, жаза әр уақытта оқушы санасында із қалдырып, оны жақсы жолға итермелейтіндей етіп берілетін болсын.

**үшіншіден**, жаза жеңіл түрден ауырға қарай, әр бұзақылықтың өзіндік ерекшелігіне қарай қолданылуы қажет.

**төртіншіден**, шәкірттің теріс қылығының ақ-қарасы нақты тексеріліп, оның бұрыннан белгілі ерекшеліктері (білімі, қабілеті, жалпы мінез- құлқы, т.б). ескертіліп отырылсын.

**бесіншіден**, мұғалім бұл шараны аса байсалдылықпен, оның жеке басын тәлкек етпейтін (ондай жағдайлар да кездесіп отырады) формалар ұйымдастырылғаны абзал.

Баланың психологиялық дамуына мадақтау, жазалауда ынталандырудың рөлі барлық жағдайда бірдей қажет: мадақтау оң қасиеттердің дамуына әкелсе, ал, жазалау теріс қасиеттерді түзетуде, коррекциялау да қажет. Оқыту және тәрбиелеудің міндетіне қарай тәжірбие жүзінде екеуі де бір - бірімен өзгеріп отыру керек. Егер оқу - тәрбие жұмысында жігер күш жұмсау қажет болса, белгілі құрылымға сапалы жеке ұнамды қасиеттер көрінсе, жаңа білім, дағды, икемді қалыптырса онда мадақтау көрсетіп, жазалауды қолданбау керек. Шәкірт тәрбиесінде кісінің қол жеткен табыстарын уақытында көре біліп, оны ретімен мадақтап орындаудың да маңызы зор. Мұның ең қарапайым түрі мақұлдау. Егер шәкірттің іс - әрекеті әркез мақұлданып отырса, ол еңбек етуге онан сайын ынталана түседі. Мәселен, «Бәрекелді», «Дұрыс», «Жақсы», «Тамаша», «Мынауыңнан нәтиже шығады», т.б. осы секілді сөздер оның жігеріне жігер қосып, үлкен демеу болады. Оқушының әрбір ісіне әділ баға беріп отыру ұстаздың беделін онан сайын арттыра түседі. Егер, керісінше, жағымсыз қасиеттерді оны түзеу міндетімен байланысып, егер бала өзін-өзі түзетпесе және өзінің теріс қылығын сезінбесе, сонымен қатар келіспеушілік тудырса онда жазалауды қолдану ең тиімді шешім болып табылады. Бірақта өзін төмен бағалау, баланың өзіне-өзі сенімсіздігі кезінде мадақтауды ынталандыру жүйесінде тиімді қолдана білу керек. Өзін жоғары бағалаушылық кезінде өзін-өзі сенімді болған жағдайда керісінше жазалауды қолдану керек.

Сонымен мақтау әдісі әдептілік пен нақты мөлшерді сақтауды талап етеді. Ең алдымен мадақтаудың психологиялық тарапы маңызды келеді. **Мадақтау әдісі** мына жағдайда нәтиже береді:

Балалардың мадақтау алуға іштей сенімді талпыныстары болуы.

Мақтау арқылы тәрбиелеушіні ұжымның қалған мүшелеріне қарсы қоймау.

Мадақтаудың қылық- ісіне сай болуы.

Мадақтау арқылы оқушыға жекелей шешім табуды үйрету.

Мадақтаудың шындыққа негізделуі.

Осылайша тәрбиеленушінің іс-әрекетіне қойылған жақсы бағаны мақтау деуге болады.

Білім алушыға білімді дайын күйінде беруден гөрі студенттің өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді. Рефлексия – өзіндік білімі мен жетістіктерін бағалаудағы ең жағымды құралы болып табылады. Рефлексияны қолдану білім алушылардың білімін бағамен шектемей, білім алуға деген қызығушылығын жоғалтпауға өз ықпалын тигізеді. Білім алушы өз білімін өзі нақты бағалай алғанда ғана ары қарай білім алуын өзі реттей алуды үйрене бастайды. Білім алушы рефлексия арқылы өз оқу әрекетінің тәсілін түсініп білімді саналы меңгере алады, яғни рефлексия – білім алушыға алынған нәтижені талдауға, алдағы жұмыстың мақсатын анықтап, оған жету жолын өңдеуге үйретеді, өзін- өзі тексеріп, оқу қызметін бағалауына мүмкіндік береді. Сондықтан да рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы. Рефлексияның мақсаты: біріншіден, білім алушының өзіндік ой толғау жасай алу, нәтижесінде өзін-өзі бағалайды, екіншіден, өзінің мықты, әлсіз тұстарын, өз мүмкіндіктері мен даму аймағын толыққанды біледі, үшіншіден, тақырыпты терең меңгеру үшін рефлексия жасау арқылы өзгеріс енгізе алу бағыттарын айқындайды. Кері байланыс білім алушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді.

Сондай-ақ, рефлексия мақсаты – өткенді еске түсіру, өзінің сабақ үдерісіндегі іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Оқытушы білім алушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын ала біліп, сол негізде жұмыс бағытын айқындайды.

Кері байланыс жүргізу арқылы мынандай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

студенттерге өз күші мен осал жерлерін, олардың өз білімін жетілдіруде қаншалықты маңызды екенін түсінеді;

тапсырмаларды орындау барысында өз білім деңгейін жақсартатындай тиімді кері байланыс құрастыра алады;

кері байланыстың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жоспарлай алуға машықтанады.

**Баға** – педагогикалық ынталандыру. Мадақтау мен жазалау – бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттер. Жақсы баға мадақтау болса, ал, төмен баға - жазалау болып келеді. Негізінен бағаның маңызы ынталандырудың маңызы әркезде ынталандырудың күші болып саналмайды. Бағаның ылғи жоғары болуы ынталандырудың күшін жояды. Мысалы: ең жақсы ынталандыру болып және табысқа жету көрсеткіші болып «4» бағасы саналады, ал, «5», «3», «2» немесе «1» бағалары табыс көзі болып есептелмейді. Осылайша бестік бағасын алған оқушы әрі қарай оқуда жетістікке жету деңгейін жоғалтады. Себебі, «5» балдық жүйе бойынша «5» болғандықтан одан жоғары баға алу мүмкіндігі жоқтығын сезген оқушы оқуға деген қызығушылығы мен табысқа жету деңгейі төмендейді. Ал, егер оқушы «4» бағасын алса, онда оның бойында ең жоғары бағаны алып одан әрі қарай табысқа жетуіне мүмкіндік барына көзі жетеді. Мысалы, оқушы білімін ең төменгі «1» бағасымен бағаласа оқушының оқу үлгерімі төмендеп нәтижеге тырысу деңгейі жоғалады. Себебі, бұл бағаны жойып «5» бағасын өте қиынға соғады. Әдетте мұғалімдер «қанағаттанарлық» деңгейінде оқыған оқушыға жоғары баға қоймайды. Үштік бағасы оқушының үздік оқуына, оқу үлгерімін жақсартуға өте қолайлы. Оқушының белгілі бір пәннен бес балдық жүйенің ең жоғарғы немесе ең төменгі бағамен білімі бағаланып отырса ең тиімді жағдай болып есептеледі. Егер оқушы негізінен «3» немесе «4» бағасымен бағаланса, онда оған ынталандыру күші болып «4» және «3» бағалары саналады да «4» пен «5» алуға тырысады. «2» және «3» бағалары баланың көңіл күйін түсіріп, жағымсыз күй тудырып ол бағаларды түзетуге деген ықыласы болмай, немқұрайлылық тудырады [5].

Қорытындылай келе, бағалаудың ең басты мақсаты – білім игерудегі жетістіктерді анықтау, үйренушінің өсу және даму қарқынын анықтау, белсендіру, ынталандыру, білім алушының өсіп-жетілуін анықтап, әр білім алушының тәжірибесінің табысты болуына көмегін тигізу. Осы бағалаудың мақсатынан білім беру үдерісіндегі бағалаудың маңызы айқын көрініс алады. Бағалау барысында білім алушыны мақтап, мадақтап, көтермелеп отырудың да маңызы зор. Өйткені бала қашанда мақтағанды қалап, сол мақтауға лайық болуға тырысады. Сондықтан баланы мақтап, содан соң жасаған жұмысының дұрыс жерлеріне бірінші тоқталып және атап көрсетіп, соңынан қателік кеткен тұстарына ұсыныс арқылы балаға жеткізіп отырса, онда балалардың сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Күнделікті сабақ барысында мұғалімнің жанаша бағалау түрлерін қолдана білуі–сыныпта оқушылардың танымдық, шығармашылық, қарым-қатынас құзыреттілігін және пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруға жол ашады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

Қазақстан Республикасы «Білім мемлекеттік бағдарламасы» / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы

Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998.-№11-12, 24-35б.



Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, - 1999.

Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б.



## БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

*а/ш.ғ.к., қауым. п.м.а. Медеуова Галия Жұмакановна  
ж.ғ.м., аға оқытушы Садыкова Дамежан Адилхановна  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан  
medeuova.galiya@mail.ru  
damelia\_71@mail.ru*

40

### ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОБЛЕМЫ ОЗЕРО БАЛХАШ

*кандидат., с/х.н., асос проф Медеуова Галия Джумакановна  
м.е.н., стр препд Садыкова Дамежан Адилхановна  
Казахский государственный женский педагогический  
университет,  
Алматы, Казахстан  
medeuova.galiya@mail.ru  
damelia\_71@mail.ru*

**Түйіндеме:** Балқаш көлі - Қазақстандағы көлемі үлкен аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі су айдыны болып табылады. Балқаш көлінің фаунасы мен флорасы шаруашылық үшін маңызды, балықтарға бай және көл суын жағалауындағы өнеркәсіп орындары мен елді мекендер Балқаш көлінің суын қажетіне пайдаланады. Мұнда жылына 81 мың тонна балық ауланады. Алайда көл суы мен оның ихтиофаунасын көп мөлшерде пайдалану салдары және көлдің маңындағы өнеркәсіп орындарының қалдықтарымен ластануы қазіргі кездегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Балқаш көлі экологиясының нашарлауының басты себепкерлері табиғатты пайдаланушылар, оның ішінде өнеркәсіп орындары, әскери полигондар болып табылады, сонымен қатар «Байқоңыр» гарыш айлағының кері әсерін де атап өту керек.

Сонымен бірге Балқаш тау-кен металлургиялық комбинаты қалдықтары мен Қытайдан бастау алатын Іле өзені, Қапшағай су қоймасының кері әсері бар.

**Резюме:** Балхаш - бессточное полупресноводное озеро в Балхаш-Алакольской котловине на юго-востоке Казахстана, второе по величине непересыхающее солёное озеро (после Каспийского и Аральского моря) и 14-е в списке крупнейших озёр мира. Уникальность озера состоит в том, что оно разделено узким проливом на две части с различными химическими характеристиками воды - в западной части она практически пресная, а в восточной - солоноватая. Несмотря на сравнительную бедность фауны, экономическая важность озера Балхаш основывается на рыболовецком промысле и разведении рыбы, которое началось в 1930-х годах, а также широким распространением браконьерства. Существуют серьёзные опасения за экологию озера Балхаш, особенно относительно возможности повторения катастрофы, подобной Аральской. Начиная с 1970 года использование воды Или на заполнение водохранилища в Капчагае, на которое ушло 39 км<sup>3</sup>, привело к уменьшению стока реки на 2/3 и снижению уровня озера. Соляная пыль выносятся с обсохшего дна озера и пойменных участков, принося вклад в формирование азиатских пыльных бурь и неблагоприятно воздействуя на климат региона. Кроме засаливания, на плодородие пойменных почв влияет сокращение биологического стока в дельту из-за накопления ила в Капчагайском водохранилище. Ещё одним фактором, влияющим на экологию Или - Балхашского бассейна, являются выбросы Балхашского горно-металлургического комбината. Основными загрязнителями озера Балхаш являются тяжёлые металлы (медь и цинк), а также нефтепродукты, фенолы и фториды. Загрязнённые воды поступают в Балхаш не только с горного комбината, но и из Китая - на пограничных пунктах фиксируют сильное превышение содержания меди и других веществ.

Балқаш – Қазақстанның оңтүстік шығысындағы тұйық көл. Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында, Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 метр биіктікте жатыр. Ауданы құбылмалы: 17-22 мың км<sup>2</sup>, ұзындығы 600 км-ден астам, ені шығыс бөлігінде 9-19 км, батыс бөлігінде 74 км-ге жетеді. Суының көлемі шамамен 100-110 км<sup>3</sup>. Су жиналатын алабы 500 мың км<sup>2</sup>-ге жуық. Орташа тереңдігі 6 м, ең терең жері 26 м. Балқаштың батыс бөлігіне Іле (жер бетімен келетін судың 78,2 %-ын береді, шығыс бөлігіне Қаратал (15,1 %), Лепсі (5,4 %), Ақсу (0,43 %) өзендері құяды. Солтүстіктен ағатын Аягөз, Бақанас, Тоқырауын, Жәмші, Мойынты, тағы да басқа өзендер әдетте көлге жетпей сарқылады. Көлдің солтүстік жағалауы Сарыарқаның ұсақ шоқылы тау сілемдерімен ұштасып жатқандықтан, биік жарқабақ болып келеді және көптеген жыра-жылғамен тілімделген, ал оңтүстік жағалауы – суы біртіндеп тартылған кезде жиналған шөгінділерден пайда болған құмды ойпат. Көлдің көптеген шығанақ, қойнаулары бар, аралдары аз, үлкендері: Басарал, Тасарал. Балқаш көлі Қазақстанның оңтүстік – шығысында, Балқаш – Алакөл ойысына орналасқан. Ол үш облысының Орталық Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының территориясымен шектеседі.

Жер бедеріне қарай Балқаштың су жиналатын бассейнін мынадай физикалық – географиялық аймақтарға бөлуге болады. Олар: Қазақстанның Сарыарқа өңірі, Балқаш – Алакөл ойысындағы жазықтық, Шу-Іле тауы және солотүстік Тянь-Шань тауының шығыс бөлігі. Бұл аймақтың биіктігі 342 метрден 6995 метрге дейінгі аралықта болады.

Балқаш туралы алғашқы жазба деректер 13 ғасырдан белгілі (В.Рубрук, П.Карпини). Көлді тиянақты зерттеу 17 ғасырда басталды.

Орыс картографы және тарихшысы С.У.Ремезов 1695 жылы «Чертежи всех сибирских городов и земель» атты атласында Балқашты «Теңіз» деген атаумен көрсеткен. 18 ғасырдың басында көлде геодезиялық өлшеу жұмыстары жүргізілді. Балқаш 19 ғасырда Клапроттың (1836) және швед картографы И.Г.Ренаттың (Жоңғарияның картасын жасаған) карталарында бейнеленді. П.В.Рихтгофен (1877) мен А.Ф.Гумбольдтың (1844) еңбектерінде Балқаш туралы деректер бар. Балқашты зерттеуге басқа да Ресей ғалымдары (И.В.Мушкетов, А.М. Никольский, Л.С.Берг, т.б.) ат салысты. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов та Балқаш алабын зерттеп, сипаттаған. 1920 жылдан бастап Балқаш көлін кешенді зерттеу басталды, көптеген экспедициялар (П.Ф.Домрачев, В.Н. Абросов, Л.И. Лев, Н.М. Страхов, Д.Г.Сапожников, М.Н.Тарасов) ұйымдастырылды. Көлдің экологиялық жағдайын, суының химиялық құрамын, өсімдіктер және жануарлар дүниесін, алабының физикалық-географиялық сипатын зерттеумен 1970-90 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының институттары, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қазақ гидрометеорология ғылыми-зерттеу институты, бірнеше жобалау институттары, тағы басқалар айналысты.

Бұл жұмыстардың нәтижесінде көлдің табиғи орнықтылығын сақтап қалуға бағытталған нақты шаралар жүзеге асырылып, көл деңгейінің құлдырауы тоқтады.

Балқаш көлі шөлейт және шөл табиғат белдемдерінде орналасқандықтан, оның климаты шұғыл континентті болып келеді. Су айдынының булануы өте жоғары. Осыған байланысты судың деңгейі тез өзгеріп отырады.

Қаңтардағы орташа температура -15-17°С, шілденің орташа температурасы 24°С. Жауын - шашынның көп жылдық орташа мөлшері 120 мм. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55-66 %, желдің жылдық орташа жылдамдығы 4,5-4,8 м/с. Жел көлдің батыс бөлігінде көбінесе, солтүстіктен, шығысында солтүстік-шығыстан соғады. Осы себепті көлде үнемі күшті толқын болады. Жаздағы булану ауа райына байланысты 950 мм-ден 1200 мм-ге дейін ауытқиды. Көл беті көбіне қарашаның аяғында қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Мұздың қалыңдығы кей жылдары 150 см-ге жетеді. Таудағы

мұздықтар еріген кезде (маусым-шілде) су деңгейі біраз көтеріледі. Көп жылдық су деңгейі тербелісінің мөлшері 3 м-ден асады. 20 ғасырда Балқаш көлінің деңгейі 1908 және 1961 жылдары көтеріліп, 1946 және 1987 жылдары төмендегені байқалды.

1970 жылдан бері Іле өзенінің бойында Қапшағай бөгенінің салынуына байланысты көлдің табиғи гидрологиялық режимі көп өзгеріске ұшырады. Балқаш – жартылай тұщы көл. Суының химиялық құрамы көл алабының гидрографиялық ерекшеліктеріне байланысты. Көлге сұғына еніп жатқан Сарыесік түбегі Балқашты екіге бөледі, гидрологиялық және гидрохимиялық жағынан бір-бірінен өзгеше батыс және шығыс бөліктері ені 3,5 км Ұзынарал бұғазымен жалғасады. Судың минералдығы мен тұздылығы бұл екі бөлікте екі түрлі. Көлге ағып келетін судың негізін Іле өзені құрайтындықтан, батыс бөлігінің суы тұщы (0,5-1 г/л), түсі сарғылт-сары, лайлы. Шығыс бөлігінің суының лайлығы (5-6 г/л), түсі көгілдір, ашық көк.

Балқашта әртүрлі жабайы үйрек, қаз, шағала, көк құтан, гагара, аққу, қырғауыл, құр, сондай-ақ жабайы шошқа, түлкі, қасқыр, қоян мекендейді.

Балқаш өңірін әр түрлі құстар мекендейді. Көлдің шеткері түпкірлерінде қызғылт және бұйра бірқазан құстар ұя салып бакландармен бірге үлкен сап түзеп көлде жүзіп жүреді.

Бұл аймақтың өсімдіктері әсіресе елсіз даладағы шабындықтар мен батпақты жерлердегі өсімдіктер өзара үйлесімдік тауып далаға ерекше нәр беріп тұрады. Олар: сексеуіл, жыңғыл, жусан, қарандыз, мия, түйетікен және сасыр. Сонымен қатар талды ормандары тораңғы және жыңғылды шағын тоғайлармен ұштасып жатады. Сулы жерлердің бәрінде де қамыс, жөке, құрақтар өседі. Осы ну тоғайлы, қоғалы жерлер көптеген сүтқоректілердің, құстардың, балықтардың тіршілік алаңы сияқты. Балқаш өңірінде сасыр, жусандар мен араласа өскен қызғалдақ пен бәйшешекте даланы ерекше сәнге бөлеп тұрады. Осы көріністерге асқақтықпен 1000 метрлік биіктіктен қарап Бектауата тау алабы созылып жатыр.

Балқаш көлінің су қатынасы жолдарының маңызы зор. Ол Алматы, Жамбыл, Жезқазған, Семей және Талдықорған облыстарын су жолымен байланыстырып жатыр. Балқаш өз төңірегіндегі өнеркәсіп-орындарымен елді мекендерді сумен қамтамасыз етеді.

Балқаш көлі алабында да күрделі экологиялық жағдай қалыптасып отыр. 1970 жылы Балқашқа құятын Іле өзенінде Қапшағай бөгені мен су электр станциясының (СЭС) салынуы Іле-Балқаш су шаруашылығы кешенінде бетбұрыс кезең болды. Іле өзенінің гидрологиялық режимі өзгеріп, жалпы Іле-Балқаш алабындағы экологиялық жағдай өзгере бастады. Қапшағай су торабын жобалау кезінде Іле өзенінің атырауындағы табиғат кешенінің жағдайы ескерілмеді. Соның нәтижесінде онда тіршілік ететін жануар дүниесіне (ондатр, балық, т.б.) және ауыл шаруашылығына көп зиян келеді. Ақдала алқабын суландырып, күріш егу жобасы да толық жүзеге аспай қалды. Қыруар қаржы текке жұмсалды. Іле өзенінің атырауы кеуіп, оның кері әсері Балқаш көліне тиді. Суармалы алқаптардың көлемінің есепсіз кеңейтілуі, төменгі Іле қоңыр көмір кен орнын игеруді бастау көлдің болашағы үшін қауіпті.

Болжау бойынша, ХХІ ғасырдың басында, көлдің батыс бөлігінің мүлде кеуіп, шығысының тұзды шалшыққа айналуы мүмкін. Бұл өз кезегінде Балқаш маңындағы ландшафтылар мен экологиялық жағдайларды түбірімен өзгертіп, тіршіліксіз шөлге айналдырады. Көл деңгейінің төмендеуі оның суының шамадан тыс минералдануына әкеп соғуда. Бұл, бір жағынан, егістік далалардан көлге қайта келіп құятын су құрамында әр түрлі тұздардың көп болуына байланысты. Сонымен қатар алаптағы өзгерістер Балқаш маңы аймағының климат жағдайларына да әсерін тигізеді. Су айдынының тәуліктік температураны, ауа ылғалдылығын реттеуші ретіндегі әсері өз күшін жояды. Ғалымдардың болжауынша, Балқаштың тартылуы Батыс Сібір мен Қазақстандағы географиялық зоналардың шекараларын өзгертуі мүмкін.

Қазіргі кезде Балқаш көлінің суы ластану дәрежесі өте қауіпті жағдайға әсер етуде. Суларды ластаудың негізгі көздері:

1) Ауыл шаруашылығында жерді улы химикаттармен тыңайтудан қалған қалдық сулардың қайта келіп өзендерге, көлдерге құюы. Бұл әсіресе, күріш егістіктерінде, мақта плантацияларында молынан кездеседі.

2) Кен орындарын пайдаланудан болатын өндіріс қалдықтарын;

3) Ағаш материалдарын дайындауға, өндегендегі және су жолдарымен тасымалдағандағы ағаш қалдықтары;

4) Су және темір жолдарының лас қалдықтары;

5) Техникалық өсімдіктерді алғашқы өндеудің қалдықтары.

Су қорына аса қауіп-қатер туғызатындар: мұнай, пестицидтер, түсті металдардың, күрделі химиялық қосылыстары. Әсіресе, оның құрамында әртүрлі зиянды заттар көп. Өнеркәсіптік өндіріс орындарымен қатар ауыл шаруашылығы өндіріс орындарының су қорына тигізетін әсері де молшылық. Ал лас суларды ауыл шаруашылығына пайдаланудың зияны өте көп. Мысалы, ауыл шаруашылығы дақылдарын ластаған сулармен суару, біріншіден олардың шығымдылығы өте төмен, ал екіншіден адам денсаулығына қауіпті болады. Сонымен қатар топырақтың тұздылығы көтеріледі, топыраққа биохимиялық процестердің жүруі төмендейді. Сулардың ластануы әсіресе балық қорына тікелей зиян келтіреді.

Бұл айтылған су қорларының ластану көздерінің ішіндегі ең қауіптісі балықтарға зиянды әсер ететін құрамында химиялық улы заттар бар өндірістің қалдық сулары; целлюлоза-қағаз фабрикалары, химия өндіріс орындары, мұнай өңдеу, металлургия заводтары, мал шаруашылығы өнімдері – жүнді, теріні өңдейтін заводтар т.б. жатады. Тек қана Қазақстан түсті металлургия кәсіпорындары тәулігіне 168,8 мың текше ластанған суды өзендер мен көлдерге жібереді.

Соңғы жылдары егіс далаларында химиялық тыңайтқыштарды кеңінен пайдалануға байланысты, суларды ластауды пестицидтердің зиянды әсері көп болып отыр. Пестицидтер суға араласқаннан кейін биологиялық жағынан ажырамай ұзақ сақталып, балықтың, планктонның денесіне орнығады да биологиялық тізбек арқылы адам денесіне көшеді.

Өндіріс, ауыл шаруашылығы қалдық суларынан басқа табиғи сулар құрамына хлоридтер, жолдардың қатып қалуына қарсы қолданылатын және жер суғарған кезде топырақтан жуылып шығатын тұздар өте зиянды әсер етеді.

Өнеркәсіптік өндіріс орындарымен қатар ауыл шаруашылығы өндіріс орындарының су қорына тигізетін зиянды әсері зор. Әсіресе, өзен, көлдер бойына шошқа фермаларын орналастыру бұл су көздерін түгелдей жойғанға тең. Бір шошқа фермасының өзі суларды ластау дәрежесі жөнінен 2-3 өндіріс орнына тең.

Балқаш суын негізінде ластайтын көздерге өнеркәсіптік және коммуналдық канализациялық ақаба сулары және де басқа өндіріс қалдықтары, құрамында әртүрлі агрохимикаттары (пестицидтері, тыңайтқыштары, т.б.) бар егістік жер қыртысының шайындысы, суармалы жүйенің дренажды суы, мал шаруашылығының ағындылары, су қоймаларына жауын-шашын арқылы әкелінетін аэрогенді ластағыштар жатады.

Ластаушы заттардың негізгі үлесін ЖШС «Қазақмыс корпорациясының» мыс қорыту барысында бөлінетін күкірт газы заттары құрап отыр.

Балқаш көлінің тағы бір ластаушы көзі - Балқаш балық шаруашылығы. Балқаш балық шаруашылығы дамыған аймақ. Балық аулаудан және өндеуден кейінгі шыққан қалдықтардың көп мөлшері, әсіресе ақаба сулары Балқаш көліне тасталып тұрады.

Балқаш көлі мен оның маңындағы аймақтардың экологиялық жүйесіне осындағы кәсіпорындар мен Сарышыған әскери полигонын пайдаланудың техногендік қызметі де зиянды әсерін тигізуде.

Балқаш көлі жыл бойына тек Іле өзенімен ғана 23 мың тонна жеңіл органикалық заттармен, 8 мың тоннадай минералды азотпен, 5 мың тонна фтормен, 2 мың тонна темірмен, 1,5 мың тонна бормен, 0,7 мың тонна броммен, 70 тонна минералды фосформен, 60 тонна пропанамидпен, 3,4 тонна дихлоранилинмен, т.б. улы заттармен ластанады. Ластанудың басты көздері түсті металлургия, энергетика және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары болып табылады. Пестицидтер мен ауыр металдар тірі ағзаларда олардың судағы мөлшерінен он есе жүз есе көп концентрацияға дейін жиналуы мүмкін. Сонымен бірге олар ағзалар мен ұлпаларда патологиялық сипатта морфо-функциональдық өзгерістермен гидробионттар ағзасындағы физиологиялық-биохимиялық процестердің тередеп бұзылуына алып келеді.

Аймақ топырағының ауыл шаруашылықтың маңызы мардымсыз. Көбінесе олар өнімі төмен жайылымдар ретінде бағаланады. Алайда жер суаруда сәйкесінше агротехникада бұл топырақ жеміс – жидек бақшаларында, бақшаларда қолданылуы мүмкін. Көлемі жағынан әлемде 14-орында тұрған Балқаш жыл сайын ластану деңгейі артып, табаны батпақтанып, айдыны зауыт қалдықтарымен уланған. Балқаштың балық қорының соңғы жылдары күрт азайып кетуінің негізгі көзі де осы қытай көршімізге байланысты болып отыр. Балқаш айдынын мекен еткен алабұға балығы өткен ғасырдың 70-жылдары жойылып кетсе, сол дәуірде бекіре мен ақбалық, патшабалығы тұқымымен тұздай құрығанын қазір біреу білсе, біреу білмейді. Көлдегі балықтар патшалығының «құлдырауына» қазіргі басты себеп – тек қытайлық сапасыз аулардың теңіз табанында шөгіп жатуы ғана емес, бұл мәселеге Жетісудан құятын өзендердің жағаларындағы ирригациялық және су шаруашылықтары құрылғыларының тозығы жетуін, Көкше теңіздің солтүстік жағалауындағы мыс қорыту зауытының қалдықтарын залалсыздандыратын орынның ескіріп кетуін де айтуға болады.

Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлау себебі Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің мол суының Балқаш көліне жетпей суармалы егістерге жұмсалыуынан. Оның үстіне бұрынғы кездерде Аягөз, Биен, Сарқанд және Басқан өзендері Балқашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отырған. Ал қазір бұл өзендер Балқашқа құймайды.

Аталған антропогендік жағдайлар Балқаш көлінің жағдайын шиеленістіріп жіберді. Балқаш экожүйесінің одан әрі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшағай суқоймасы да әсер етеді. 1970 жылы Қапшағай суқоймасындағы Іле өзенінің суын бөгейтін Қапшағай бөгеті салынды. Оған қосымша Іле өзенін қоректендіріп отырған Шелек өзені Бартоғай бөгетімен бөгеліп, онда көлемі 300 мың м<sup>3</sup> су жинақталды. Осылайша Үлкен Алматы каналы (БАК) салынды. Каналдың салынуына байланысты Шелек өзені Ілеге құюын тоқтатты.

Іле бойында және көл жағасындағы тіршілік ететін құстардың түрлері де азайып кеткен. "Қызыл кітапқа" енген аққу, бірқазан, көк-құтан, т.б. құстар қазір өте сирек кездеседі. Би-Би-Си тілшісі Джил Мак Гиверинг Балқаш көлінің солтүстік жағалауына барып, сондағы жағдайды зерттеп көрген. Көл жағасында тұратын жергілікті тұрғындардың кейбірі көлдегі су деңгейінің соңғы 30-40 жылдың ішінде айтарлықтай азайғанын айтады.

Балқаш тағдыры бүгін барша жұртты алаңдатып, толғандырып отыр. Табиғаттың ғажайып сыйы адамның іс-әрекетінің салдарынан жойылып барады. Сондықтан Балқаш көлін апатты зардаптардан қорғау үшін іс-шаралар жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Осыған орай 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгінгі мен болашаға» атты халықаралық дейгейде экологиялық форум өтті. Онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралып, нақты шешімдер қабылданды.

***Оның негіздері:***

1. Іле өзені бойындағы өндіріс орындарында суды тиімді пайдалануды реттеу. 2. Қапшағай суқоймасынан Балқашқа жіберілетін судың үлесін тұрақтандыру. 3. Алқада

және Шарын массивтеріндегі күріш алқаптарын азайту. 4. Жер асты суларын пайдалануды жүзеге асыру. 5. Суармалы жерлердің көлемін шектеу.

Балқаш көлін құтқару бүгінгі күннің талабы. Арал мен Балқаш сияқты су экожүйелерінен айырылу Қазақстанды ғана емес Еуразияны да бұрын-соңды болмаған экологиялық апаттың ошағына айналдыруы мүмкін. Сондықтан еліміздегі әрбір табиғи экожүйені көздің қарашығындай сақтау мен қорғау біздің парызымыз.

### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Бабкин В. Уточнение морфологических характеристик озера Балхаш/Вопросы гидрологии орошаемых земель Казахстана. Алма-Ата, 1986. -144-148 б.

2. Ежегодник качества поверхностных и морских вод и эффективности проведенных водоохранных мероприятий по территории Республики Казахстан за 1997г. – Алматы, 2001. –79 б.

3. Государственный водный кадастр. Ежегодные данные о качестве поверхностных вод за 2002 год. – Алматы, 2003. – С 109.

4. Бурлибаев М.Ж. О проблемах использования и загрязнения поверхностных вод в экосистеме озера Балхаш // Доклады Международной научно-практической конференции 22-23 января 2001г. Алматы, 2001. -308-310 с.

5. Муздыбаева К.К. Экологические проблемы Северного Прибалхашья // География Казахстана: содержание, проблемы, перспективы: Материалы Международной научно-практической конференции 20-22 апреля 2006 г.-Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2006.-С. 156-159.

6. Современное экологическое состояние бассейна озера Балхаш / Под редакцией Т.К.Кудекова. Алматы: Канагат, 2002.- 388с.

7. Проблемы гидроэкологической устойчивости в бассейне озера Балхаш / Под редакцией А.Б.Самаковой. Алматы: Каганат, 2003.-584с.

8. Амиргалиев Н.А., Лопарева Т.Я. и др. О влиянии антропогенного загрязнения на состояние биологических объектов озера Балхаш // Гидрометеорология и экология. -2003. -№ 1.- С. 99-114.

9. Балқаш кен байыту фабрикасының қалдық қоймасының қоршаған ортаға әсері. // Хабаршы ҚазҰУ. Географиялық серия. 2006, № 3.- 65 б.

10. Саданов А.К. Экологическая оценка современного состояния экосистем Или-Балхашского региона. Сборник «Международный экофорум «БАЛХАШ 2005», Алматы, 2005. -214

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өзінің күш-жігерін мектеп тәрбие жүйесінің құрылуына, оның іс-әрекеттерінің бағыттарына жұмсауы тиіс.

Көп жылдар бойы мектептегі тәрбие жүйесі мемлекет тарапынан толық басқару негізінде құрылып келді. Мұндай тәрбиені толық түрде нұсқаумен құрылған деп санауға болады. Ол оқушының толығымен ересекке бағыныштылығын болжады, оқушылардың ересектермен, достарымен және өзі-өзімен қарым-қатынас барысында оларға арқа сүйеу қабілеттерін тудырады.

Қазіргі тәрбие жүйесі оқушының өзіндік дамуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған ересектер мен балалардың келісім идеяларынан туындайды. Тәрбие жүйесі - адамның өзіне деген сүйіспеншілігін тудыруға, өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті және жауапты тұлғаны қалыптастырудың негізі.

### **Мектептегі тәрбие жүйесін құрудың шарттары**

Біріншіден, бұл сынып жетекшілерінің және барлық тәрбие үдерісімен айналысатындардың педагогикалық өз бетімен жұмыс істеуін кеңейту, педагогикалық бастамаларға қолдау көрсету, тәрбиешінің тұлғалық ерекшелігі, балалармен жұмыс жасауда өзінің жақсы қасиеттерін таныту ынтасы кіреді. Кей жағдайда тәрбие жүйесі сынып жетекшісінің басқаның бұйрығын орындағанда қағаз жүзінде жүргізіледі, ал оның дағдылары және іске деген шығармашылық әдістері талап етілмейді және мектеп әкімшілігінің қызығушылығын тудырмайды. Сынып жетекшісі өзінің бастамаларына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан қолдау көрсету құқығына ие болуы тиіс.

Екіншіден, сынып жетекшілердің, тәрбиешілер мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әрекеттестігінің тиімділігі. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сынып жетекшілерінің жеткен табыстарын көруі, өзінің әріптестерінің жетістіктерін бағалауы, балалар ұжымымен жүргізілетін жұмыста олардың аралық оң нәтижелерін төмен болса да көрсетуі тиіс.

Үшіншіден, барлық педагогикалық ұжымның бірлескен күш-жігері. Мектеп тәрбие жүйесінің мәні оның біртұтас бейнесін: өткені, қазіргісі және болашағы туралы елестетіледі.

Төртіншіден, мұғалімдердің тәрбиелік күш-жігерін тексеру және түзету тірегі. Тәрбиелеудің әрбір табысы немесе сәтсіздігі педагогикалық ұжымның барлық мүшелері тарапынан мұқият талдануы тиіс, әйтпесе оқушылардың тәрбиесі сынақ жүргізу алаңына айналуы мүмкін.

Бесіншіден, оқушыларды өмір заңдылығына өз бетінше жете отырып өмір сүруге үйрету. Мұғалімдер балалардың өміріне жетекшілік етпей, оларды минут,сағат сайын бақыламай, өздік және өз ұйымдарын көрсетуге үйретуі тиіс. Балалар бірлесе істеген іс-әрекетте өз өмірін жоспарлауға және шешім қабылдауға үйренуі, сәтсіздіктерге шыдамдылық танытуы және қиындықтармен күресе білуі, өзінің табысы мен сыныптастарының табыстарына қуана білуі, жалпы қиыншылықтар мен қуаныштарды көтере білуі тиіс.

Алтыншыдан, оқушылардың дені сау құлықтылық және физиологиялық рухын қалыптастыру. Нарықтық қарым-қатынас, тұлғалық амандық үшін күрестің асқынуы, құлықтылық құндылықтардың мәнін жоғалтпауы тиіс. Мектеп тәрбие жүйесінің негізгі міндеті оқушылармен өзара қарым-қатынас жасау, оқушылардың түсінігінде және ісіндегі мінез-құлық тірегін қалыптастыру.

Жетіншіден, зорлық көрсетпеу және әшкерелеу принциптеріне басшылық ету. Қарым-қатынастардағы дәстүрлер өзара келісімге, ересектер мен балалардың оң қабылдауына, сенім әрекеттестігінің құрылуына міндетті.

Сегізіншіден, оқушылардың жанұя және әлеумет әрекеттестігінің болуы. Әлеуметпен әрекеттестік оқушылар әлеуметтік құндылықтарды, әлемдік көзқарас ұстанымдарды, қоғамның мәдени және рухани құндылықтарын игергенде ғана жүзеге асады. Мектеп пен әлеуметтің әрекеттестігі бір жағынан мектептің ішкі әсер етуінің ашылуына қолұшын берсе, екінші жағынан біреудің әсерінсіз мұғалімдердің мектеп

тәрбие жүйесінің мақсат, міндеттерін, мазмұнын, түрлері мен әдістерін өз бетінше айқындауға септігін тигізетін еркіндік талабына алып келді.

Жанұямен бірлескен әрекеттестік мектептің оқу тәрбие үдерісіне және олардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін көтеруге ата-аналардың қатыстыруға негізделген. Көп мектептерде ата-аналармен әрекеттестік ең бастапқыда оқушыға әсер етуі болжанады. Бұл оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың өзара қарым қатынасының сенімсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Демек, мектеп тәрбие жүйесін құра отырып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқушылар тәрбиелеу үдерісін шығармашылық және мазмұнды тұрғыда ұйымдастыруда көптеген жайттар мен талаптарды есепке алуға міндетті.

### *Пайдаланған әдебиеттер*

1. Этнопедагогика мен этнопсихология негізінде қазақ мектептеріндегі оқу- тәрбие процесін қайта құрудың кейбір мәселелері // Этнопсихология және этнопедагогика. Екінші жинақ. Ғылыми- әдістемелік. Алматы, 1996 ж.
2. Галкина Т.И. «Справочник современного заместителя директора школы по воспитательной работе», Москва, 2008 ж
3. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті халық үшін» ҚР Елбасының Жолдауы. «Жетісу» газеті №34.
4. З.Ахметова «Шуақты күндер» Естелік, эссе. Алматы. Жалын. 1987 264 б.
5. Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасырдағы білім мен тәрбие беру» республикалық үздік шығармалар жинағы. Астана 2001-2002ж.
5. «Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Алматы 2017ж.

ИЗУЧЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ  
БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

*Мұратбаева Гулнар Абылкасымқызы, п.ғ.д., доцент  
Қоңырбаева Сараш Сахиқызы п.ғ.к., қауымд., профессор  
Садирбекова Динара Қалымбекқызы, п.ғ.м., PhD докторант*

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
diko82-@mail.ru*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада, болашақ педагогтардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі, оның жіктелуінің қажеттілігі қарастырылған. Басқарушы болу үшін, педагогтің қабілеттерді бойына жинақтау керектігі, мәселелерді шығармашылықпен шешу мүмкіндігі, білім алушыларға идеяларды жеткізе білу, сендіре білу, өзгелерді зейін қойып тыңдай білу, қарым-қатынасқа дұрыс түсе білу, қызығушылық аясының кең болуы, адалдық, өзіндік сыйластық, өз-өзіне деген сенімділік, барлық жағдайға сәйкес өзін-өзі ұстай білуі жайлы айтылған. Бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі басқарушылық қабілеттерді қалыптастыру жайлы мәселелері қарастырылған. Болашақ педагогтардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби іс-әрекетте қолданылатын міндеттер мен мақсаттарды қабылдау қамтамасыз етіліп, жеке мотивтер мен ұстанымдардың жүйесіне қатынасы, құндылықтар ретінде болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерінің дамуы мен бекітілуі, өзін кәсіби маман ретінде сезінуі, кәсіби құзыреттілігін және педагогикалық шеберлігінің дамуы, осындай сапаларға ие болашақ педагог маман көптеген қиын жағдайларда дұрыс шешім таба алушы, өз соңынан ерте білетін көшбасшы болады деп көрсетілген.

**Резюме:** В этой статье рассматривается, актуальность проблемы формирования управленческих способностей будущих педагогов. Рассмотрены все аспекты становления управляющего, именно навыки педагога, возможность творческого решения проблем, способность правильной подачи идей, умение убеждать, умение слушать других, правильная коммуникация, наличие широкого кругозора, искренность, самоуважение, самоуверенность, самообладание в любых ситуациях. Рассмотрены проблемы формирования управленческих навыков в исследованиях ряда отечественных и зарубежных ученых. Формирование управленческих способностей будущих педагогов в учебно-воспитательном процессе, обеспечение целью и задачами, отношение индивидуальных мотивов и системы отношения при профессиональной деятельности, развитие и утверждение способности управления как ценность будущего специалиста, ощущение себя специалистом, развитие профессиональных компетенции и педагогического мастерства. Обладающий такими качествами будущий педагог может найти правильное решение в сложных ситуациях.

Басқарушылық қабілеттерді қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындау үшін, болашақ педагог мамандардың басқарушылық қабілеттерінің жіктелуін қарастыру қажет. Лидер болу үшін, педагог төмендегідей қабілеттерді бойына жинақтау керек: мәселелерді

шығармашылықпен шешу мүмкіндігі, білім алушыларға идеяларды жеткізе білу, сендіре білу, өзгелерді зейін қойып тыңдай білу, қарым-қатынасқа дұрыс түсе білу, қызығушылық аясының кең болуы, адалдық, өзіндік сыйластық, өз-өзіне деген сенімділік, барлық жағдайға сәйкес өзін-өзі ұстай білуі. Еліміз әлемдік білім кеңістігіне енуде білім беру парадигмасының өзгеріп, инновациялық технологиялар негізінде жаңа тұрпатты маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отырғаны бәрімізге мәлім.

Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында адами капиталдың сапалы өсуі бұл, ең алдымен білім беру мен денсаулық сақтау. Білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттыру, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет, - деп атап көрсеткен [1]. Осыған орай, болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру үдерісін зерттеу мәселесін басқару ғылымының тарихына жүгіне отырып қарастырамыз. Менеджмент ғылымының дербес ғылым ретінде қарастырған алғашқы ғалымдар Ф.У.Тейлор мен А.Файольді атауымызға болады. Ф.У.Тейлор менеджментті ғылым ретінде қарастырып, оның негізіне іс-әрекетті жоспарлау бөлімін оның орындалуынан бөліп тұрушы заңдар, ережелер және принциптер кіреді деп пайымдаған. Өнеркәсіпті басқару мәселесіне, басқарушы әдістеріне, оның жұмыс істеу стиліне Ф.У.Тейлор аса назар бөлген. Ол ғылыми басқару теориясының бастауы болған қорытындыны қалыптастырған: басқару бойынша жұмыс – бұл бегілі бір мамандық, және мекеме әрбір қызметкер өзіндік жұмысын тиімді орындау кезінде табысқа жетеді [2]. Ф.У.Тейлор адамды және затты басқару үдерісін талдауға бірегей амал қолдануды жөн көрген. Ф.У.Тейлормен бірге А.Файоль басқаруды үдеріспен және бірқатар қызметтер орындалуымен байланыстырған: алдын ала сезе білу, ұйымдастыру, реттеу, бақылау сияқты. А.Файоль тұлғаның төмендегідей басқару қабілеттерін ерекшелейді: құзыреттілік және тұлғааралық өзараәрекеттестік тәжірибесін иемдену. Ғалым пікірінше, жақсы басқарушы өзіне жауапкершілікті алу күшіне ие болу керек және оған өз ізбасарларын сендіре білу керек [3,б.23]. Оның ойынша басқарушылық қабілетті жаттықтыру арқылы дамытуға болады. Педагог мамандығы үнемі тұлғаның басқарушылық қабілеттерінің көрінуін талап етеді. Дегенмен бұл білім беру аясында басқарушы мамандығын ерекшелеуге кедергі келтірмейді. Басқару ұғымының ең алғашқы теоретиктері ежелгі философтар болды деп айтсақ қателеспеспіз :

- Конфуций - «Ізгілікті басқару» ешбір өзге мүмкіндік берместен басқару, үнемі адамдарға қамқорлық жасау, сонымен қатар қоғам мүшелері арасында міндеттерді бөлуде қатаң әлеуметтік дифференциация иерархиясы. Сонымен бірге мемлекет басшы мен оның көмекшілерінің даналығына сүйену қажет.

- Платон - мемлекетте әрбір қоғам мүшесі өз ісімен шұғылдану қажет, өзге адамдар ісіне кірігуге болмайды, бұл талап тұтас құрылымға бағынуды және соған еңбек етуді көрсетеді. Идеалды мемлекетте жеке меншік жоқ, әйелдер мен еркектер құқықтары тең, баланы мемлекет тәрбиелейді, ең мықты мен текті қоғам мүшелері басқарады. «Заң күші жүрмейтін, өзгеге бағынушы мемлекет құрдымға кетеді» Платон пайымдауынша, адамды басқара білу «өте күрделі және еңбекпен қолжеткізуші білік», және ол үнемі философтар назарында болған.

- Аристотель - «Әрбір мемлекет белгілі бір қоғамдық тұрғылықты орын». Мұнда, Платон идеалды мемлекетіне сын айтылған, жеке мүлік және қоғамдағы отбасын сақтау қажеттілігін қорғау керек деп айтқан. Негізі айғақ: «Көп адам иелік еткен мүлікке аз назар бөлінеді»

- Мұхамед Әбу Насыр әль Фараби – идеалды мемлекет қандай болу керектігін ойланып, басқару рөліне және оның адамгершілік құндылықтарына басты назар бөлген.

- Николло Макиавелли - Аристотелдің басқару теориялары туралы ойлармен келіскен, мемлекетті басқарудың негізгі түрткісі – елің үшін барлығынан бас тарту. «Адамдарды мейірімділікпен баулу қажет немесе олардан мүлдем құтылу қажет».

Басқарудың ғылыми мектебі негізін салушылар Ф.Тэйлор, Ф.Гилбрет, Л.Гилбрет, Г.Эмерсон, Генири, Кант. Олардың пікірінше, басқару - бұл ерекше мамандық ал ол туралы ілім өзбетінше пән. Негізгі ерекшеліктері: ғылыми басқару мектебін ұстанушылар логикалық талдау мен бақылауды қолдана отырып, жұмысты тиімді орындау үшін жекелеген операцияларды ғылыми жетілдіруді ұсынады.

Ғылыми басқару әдістерінің бірінші кезеңі – жұмыстың мазмұнын талдау және оның негізгі компонентін анықтау. Негізгі ғылымға қосқан үлесі өндірістің өнімімен көлемін үлкейте отырып, жұмысшыларды белсендіру мақсатымен ынталандыруды жүйелі қолдануды ұсынды. Бұл басшылардың өндірістік нормаларды қалыптастыруға мүмкіндік беруі. Жоғарыда айтылғандар жалпы басқарушылық ұғымына берген ғалымдардың ойлары болса, енді нақты педагог мамандары үшін бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне келетін болсақ, XIX ғ.соңында П.Ф.Каптерев жұмыстары жарық көрді. Ол педагог тұлғасының сапаларына және жалпы адами қасиеттеріне аса назар бөлген. П.Ф.Каптерев атап өткендей: «Мұғалім тұлғасы оқыту жағдайында бірінші орынға ие» [4, б.595]. Оның пікірінше, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігінің басты факторы төмендегідей педагогтың «тұлғалық сапалары»: барлығын бірігей қабылдай білу, сезімталдық, адалдық, төзімділік, шыдамдылық, қоршағандарға деген мейірімділік.

XX ғасырдың бастапқы кезінде білім алушылардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру мәселелерін қарастырушы жұмыстар пайда болды. Осылайша, В.П.Вахтерев «Жаңа педагогика негіздері» атты өз жұмысында педагог – басқарушылар рөлін ерекше атап көрсеткен, олар топ бағытын анықтап, оның мүшелерін өз көңіл күйімен ынталандырады. Бұл кезеңге сәйкес зерттеулерде А.С.Залужный жұмыстары аса қызығушылық тудырады, тұлға басқарушылық сапаларын қалыптастыру, лидерді тәрбиелеу мәселесіне арналған. Автор педагог – басқарушының белсенділік, сана даму деңгейінің жоғарлығы сияқты қабілеттерді ерекшелейді.

Педагогтың басқарушылық іс-әрекеті К.Д.Ушинский еңбектерінде көрініс тапқан. Оның пікірінше, басқарушы администратор және педагог болуы керек. К.Д.Ушинский ерекше назарды басқарушы тұлғасына, педагогқа, оның кәсіби деңгейіне, еңбекқорлық, табандылық, патриотизм, ізгілік, мейірімділік, тәртіпке бағына білу сияқты қабілеттеріне аударған. Барлық бұл қабілеттерді ғалым пікірінше, халықтық принцип негізінде тәрбиелеу қажет деп білген. Өз жұмыстарында ол лидердің басты қасиеттерін анықтаған, мысалы – ашық сана, практикалық ой, көптеген адам іс-әрекетін ұйыдастыруға қабілеттілік. Осы кезеңде басқарушыларды дайындауға арналған көптеген білім беру орталықтары ашылды. Педагогке деген қарым – қатынас түрі өзгерді: бұл өте сауатты, саяси тұрғыда білімді қоғам мүшелері болды. Педагог бала тәрбиесімен айналысып – мемлекет болашағын құрды. Ол оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекеттерін сауатты орындауға міндетті болды, кәсіби негізде оқыту, тәрбиелеу, ағартушылық және басқару қызметтерін орындау қажеттігі туындады.

Педагогикада лидерлік мәселеге назар бөлген алғашқы ғалымдардың бірі А.С.Макаренко болды. Оның пікірінше, толыққанды тұлға қалыптастыру негізі ұжымдық тәрбие беру болып табылады. А.С.Макаренко педагогикалық көзқарастар жүйесінде бірінші орынға тәрбиеленушілердің өзіндік басқару мәселесі шығады. «Өзін – өзі басқару ең тиімді тәрбие құралы болуы мүмкін» - деп жазған [5, б.65]. А.С. Макаренко пікірінше, ұжым және әрбір тәрбиеленуші өзіндік басқару арқылы төмендегідей тұлғаның басқарушылық қабілеттерін қалыптастырады: тәртіпке бағыну, сергектік, өмірге деген құштарлық, табандылық, ұйымдастырушылық, төзімділік, өзіндік күшіне сенім, мақсаттылық, шыдамдылық.

Басқарушыларды дайындауға Н.К.Крупская маңызды мән берген. Ол лидерлікті қалыптастыру мәселесін кезіндегі пионерлік мекемелер аясында қарастырған. Н.К. Крупская және А.С. Макаренко ұйымдастырылған басқарушылық іс-әрекетті игеру маңыздылығын атап өткен. Басты назарды білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару біліктіліктерінің маңыздылығына бөлген: ХХ ғасырдың 50 жылдары Н.К. Крупскаяның «Мектептегі өзіндік басқару және еңбекті ұйымдастыру» деген атпен мақаласы жарық көреді. Онда автор өзіндік басқарудың маңызды қызметін ерекшелейді – білім алушылар бойындағы ұйымдастырушылық, басқарушылық біліктіліктерді дамыту, яғни басқару біліктіліктері, ұжымды басқару. Ғалым бұл біліктіліктерді төмендегідей әдістер арқылы дамытуға болады деп пайымдаған – ойын, практикалық сабақтар, еңбек мектебінің формалары, өзіндік басқару [6, б.71].

Сонымен ғылыми басқарушылық теориясы және «басқару», «менеджмент» түсініктерінің анықтамалары пайда болды. Бұл кезеңнің ерекшелігі басқару үдерісінің идеологиясы, басқару принциптерінің басымдылығы болып табылады.

80 жылдары көпқызметті педагогикалық іс-әрекетке даярлық мәселесіне назар бөлді, сәйкесінше басқарушылық іс-әрекетке. Бұл кезеңде тәрбие жұмысы бойынша әдіскерлерді дайындады, олардың базалық кәсіби іс-әрекеті ұйымдастырушылық – басқарушылық іс-әрекет болды. Бұл жылдары А.Н.Лутошкин және Л.И.Уманскийдің «Как вести за собой. Старшеклассникам об основах организаторской работы», т.б. атты кітаптары шықты. А.Н.Лутошкин жұмыстары ұйымдастырушылар мен басқарушылар даярлығына арналған. Ғалым ұйымдастырушылық жұмыс негіздерін, заңдылықтарын, ережелерін, ерекшеліктерін қарастырған. Оның пайымдауынша жақсы басқарушылық ұйымдастырушылық жұмыс істі білуге байланысты, аталған істі іске асыру адам тұлғасына қатысты орын алады деп көрсеткен.

Л.И.Уманский білім алушылар топтарында лидерлікке ынталандыру мәселесімен айналысқан. Ғалымдар жұмыстарында, тек лидерлер емес, лидер болуға ұмтылушылар да және лидерлік талант ерекше түрлері басқарушылық қабілеттері атап айтылған. Бұл қабілеттер топтарының арасында өте жіңішке шектеу бар. Біздің пайымдауымызша, жалпы қабілеттерді ерекше белгілерге жатқызуға болады. Педагогикалық білім беру мекемелерінде студенттер бойында лидерлік сапаларды дамыту бойынша тренингтер, бағдарламалар қолданылады. Ол бағдарламалар мақсаттары білім алушыларды белсенді әрекеттерге, өзіндік жетілуге, өз болашағын жоспарлауға бағытталады.

Педагогикалық менеджмент Т.И.Шамова, Ю.А.Конаржевский, М.М.Поташник, П.И.Третьякова жұмыстарында тапты. Білім беру үдерісінде оқытушылар мен білім алушылар арасында субъект - субъектілі қатынастар дамыды, ол тұста педагог және білім алушылар арасында өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық орын алды. Педагог іс-әрекеті басқарушылық сипатта болды. Бүгінгі күн педагогы әдіскер, басқарушы қызметін атқарады. Ол өз әрекетін және білім алушылар іс-әрекетін басқара алады. Лидерлікті дамыту мәселелерімен айналысушы отандық және ресейлік ғалымдар сәйкес қабілеттерді тек сабақтан тыс уақытта емес, түрлі пәндер аясында да дамытуға болатындығын айтады. Ол үшін бұл мүмкіндіктерге педагог мамандар өздері ие болулары қажет, себебі басқарушылық қабілеттері бар педагогтар, өз кезегінде белгілі деңгейде «идеал» болады, білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастыруға қабілетті болады.

Е.Ю.Зиминаның зерттеуінде педагогикадағы басқару практикасының тарихи аспектілері қарастырылған, болашақ педагогтың басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері көтерілген. Ғалым пікірінше, егер оқу-тәрбие үдерісінде интерактивті технологиялар қолданылған болса, басқарушылық ойындар, практикалық басқарушылық міндеттерді шешуде, басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру тиімді болар еді дейді.

Л.А. Ломова өз зерттеуінде болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби маңызды лидерлік қабілеттерін қалыптастыруды қарастырған. Автор лидердің төмендегідей қабілеттерін

ерекшелейді: жоғары деңгейдегі кәсібилік, өз мамандығына деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, тәуекелге бара білу және т.б. [7].

Қазақстанда басқару ұғымына қатысты практикалық маңыздылыққа ие жұмыс 1990 жылы жарық көрген «Мектеп директоры басқарушылық іс-әрекетін жетілдіру» атты К.Д.Каракуловтың әдістемелік нұсқаулығы, оның аясында қоғам демократизациялау жағдайында жалпы білім беру мектептеріндегі басқаруды жетілдіру мәселелері қарастырылған [8].

Басқару функциялары іс-әрекет мазмұнын түсіну үшін негіз ретінде төмендегідей қазақстан ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған. Б.А.Абилова, К.К.Найманбаева, Л.У.Сұлтанбаева сынды ғалымдар басқаруды шешім қабылдау, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, мақсатқа сәйкес объектіні бақылау, реттеу және жаңа шешімдер мен нақты ақпарат негізінде қорытынды шығаруға бағытталған іс-әрекет ретінде түсінеді [9].

Егер басқару нәтижеге бағыттылған іс-әрекет ретінде қарастырылса, онда білім беру үдерісі қатысушыларының іс-әрекетінің субъектілі тәжірибесіне назар бөлінбейді. Егер басқару өзара әрекеттестік тұрғысында қаралса, өзара әрекеттестік объектілерінің рөлі елеусіз, өзара әрекеттестік тарапынан өзара әсерді шарттаушы жеке мотивтер мен қажеттіліктер ескеріледі. Әрекет – бұл көптеген пікірді біріктіруші жалпы элемент, ол осы іс-әрекетті іске асырады. Егер басқару нәтижеге бағытталған әрекет ретінде қарастырылса, онда субъектілер белсенділігі есепке алынбайды. Барлық күш нәтижеге қол жеткізуге жұмылдырылады, дегенмен сыртқы алғышарттар дами түседі: әлеуметтік, материалдық – техникалық, ақпараттық. Егер әсер ету ретінде қарастырылса, белсенділікке құқық тек басқарушы бөлімге беріледі, сәйкесінше тұлға дамуы мен басқарушының білімін жетілдіруге барлық күш жұмылдырылады.

«Басқару» терминін осы тұрғыда пайымдау В.Я. Назмутдинов, И.Ф. Яруллин шығарған монография қорытындыларымен сәйкес: «Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности» [10].

Аталған ғалымдар «басқару» ұғымы үш позицияда қарастырылатындығын көрсеткен: Біріншіден: басқару – іс-әрекет тұрғысында, оның мәні басқару әлеуметтік іс-әрекет түрінің бірі ретінде, заттық нәтижеге жетуді мақсат етіп қояды.

Екіншіден: бір жүйенің екінші жүйеге әсері, бір адамның келесі адамға немесе топқа әсері ретінде қарастырылған, оның мәні басқарушы объектіні өзгерту, яғни белгілі бір өзекті күйлерге ие объект бар деген сөз.

Үшіншіден: субъектілердің өзара әрекеттестігі – бұл негізде өзгерістер тек өзара байланысты емес, сонымен өзара шартталған негізде болады. Біз өзіндік тарапымыздан басқаруды соңғы бөлімге сәйкес танимыз деген.

Біздің ойымызша, болашақ педагог маманның өзіндік орнын табуда маңызды рөлге ие оның мотивациясы. Жетістікке жету мотивтерінің басым болуы мақсаттылықты, өз – өзіне сенімділікті, табандылықты дамытады. Мұндай педагогтар барлық кедергілерді жойып, тез керекті шешім қабылдай алар еді.

Қорытындылай келе, болашақ маманның басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби іс-әрекетте қолданылатын міндеттер мен мақсаттарды қабылдау қамтамасыз етіліп, жеке мотивтер мен ұстанымдардың жүйесіне қатынасы, құндылықтар ретінде болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерінің дамуы мен бекітілуі, өзін кәсіби маман ретінде сезінуі, кәсіби құзыреттілігін және педагогикалық шеберлігін дамытушы біліктіліктердің дамуы орын алады. Осындай сапаларға ие болашақ педагог маман көптеген қиын жағдайларда дұрыс шешім таба алушы, өз соңынан ерте білетін көсбасшы болады. Сол себепті, болашақ педагог маман боламын деген білім алушы бірінші күннен бастап өз бойында басқарушылық қасиеттерді дамытуы арқылы өзін педагогикалық шеберлік деңгейіне көтеру үшін ұмтылуы қажет екенін баса айтқымыз келеді.



### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 28 қаңтар, 2012 жыл. 8бағыт.

Taylor F. W. The Principles of Scientific Management. – N.Y.: Cosimo Classics, 2006.-88 p.

Fayol H. Gloucester. General and Industrial Administration. – N.Y. : Martino Fine Books, 2013. – 142 p.

Каптерев П.Ф. Дидактические очерки. Теория образования//Избр. педагог, соч. - М., 1982. – 710 с.

Макаренко А.С. Коллектив и воспитание личности. - М.: Педагогика, 1972. - 334с.

Крупская Н.К. О юных пионерах. - М.: Изд. АПН РСФСР, 1957., 264с.

Ломова Л.А. Формирование профессионально-значимых лидерских качеств будущих учителей музыки: Автореф. дисс. ... к.п.н.: 13.00.08 Воронеж, 2006. - 21с.

Каракулов К.Д. Совершенствование управленческой деятельности директора школы. – Алматы, 1990. – 28 с.

Абилова Б.А., Найманбаева К.К., Султанбаева Л.У. Вопросы организации управления образованием в условиях перехода на 12-летнее обучение // Менеджмент в образовании. – 2013. – №2 (69). – С. 9-11.

Назмутдинов В.Я., Яруллин И.Ф. Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности. – Казань: ТРИ «Школа», 2013. – 360 с.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

*Сейтенова Салима Сейтеновна, п.ғ.к., доцент  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы  
seitenova\_ss@mail.ru*

*Медеубаева Кенжехан Турапбековна, п.ғ.к. қауымд. проф.м.а.  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
medeubaeva\_kt@mail.ru*

*Садирбекова Динара Қалымбекқызы, п.ғ.м., PhD докторант  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
diko82-@mail.ru  
Алматы қаласы*

*Қылышпай Баян Сағындықызы, п.ғ.м., аға оқытушы  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қаласы  
Қазақстан Республикасы*

**ТҮЙІНДЕМЕ:** Мақалада жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерінің сөз мәдениетін жетілдіру қазіргі кездегі ең басты мәселенің бірі екендігі. Өйткені педагогтің негізгі қаруы – тілі, сөйлей білу шеберлігі жоғары деңгейде болу қажет. Осымен байланысты жоғары оқу орнында оқитын студенттердің тек пәндік білім (білім, дағды, іскерлік) алып қана қоймай, өз ойын түсінікті де әсерлі жеткізе білу, екінші адаммен диалог құрастыруда қатысымдық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуына үлкен мән берілуі тиіс. Сондықтан да студенттердің ойлау мәдениетін жетілдіру, ол үшін проблемалық сабақтар өткізу, студенттерді үнемі іздендіру, ойландыру жұмыстары жүріп отыруы, сөз мәдениетін жетілдіру мақсатында тіліміздің байлығын, ойды беру мүмкіншілігін, сөз асылын байқату, соған бағыттау, сөз құдыретін таныту т.т. жұмыстар (барлық мамандық иелеріне де) үнемі жүргізіліп отыруы, оған барлық ұстаздар атсалысуы тиіс екендігін және ол үшін оқытушы мен студент бірлесе әрекет етуі тиіс екендігі айтылады.

## ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПОВЫШЕНИЯ СЛОВЕСНОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ

*Сейтенова Салима Сейтеновна, к.п.н., доцент  
АРГУ Актюбинский региональный государственный университет  
имени К.Жубанова  
Актобе, Казахстан*

*Медеубаева Кенжехан Турапбековна, к.п.н., и.о. ассоц. проф.  
Казахский государственный женский педагогический университет  
medeubaeva\_kt@mail.ru*

*Садирбекова Динара Калымбековна, м.п.н., ст. преп. PhD докторант  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
diko82-@mail.ru  
Алматы, Казахстан*

*Қылышпай Баян Сағындыковна, магистр пед.образования, стр препод  
Казахский государственный женский педагогический университет  
Алматы, Казахстан*

**РЕЗЮМЕ:** В статье рассматривается одна из актуальных проблем повышение словесной культуры студентов высших учебных заведений. Так как основное оружие педагога - слово, он должен обладать высокими ораторскими способностями. В связи с этим студенты высших учебных заведений должны не только получить знания по дисциплине (знания, умения, навыки), но и уметь ясно и эффективно выражать свои мысли, вести диалог с собеседником на высоком уровне коммуникативной культуры. Поэтому в целях повышения культуры мысли нужно проводить проблемные уроки, проводить работу по активизации и организации поисковой и исследовательской деятельности студентов; в целях повышения словесной культуры знакомить студентов с богатым наследием языка, проводить работу направленную на возможность выражения мысли, познание величия слова. В этом должны принимать участие все преподаватели совместно со студентами.

## **FORMS OF ORGANIZATION IMPROVE THE VERBAL CULTURE OF THE STUDENTS**

**ABSTRACT:** The article discusses one of the topical problems of improving verbal culture of students of higher educational institutions. As the main weapon of a teacher is the word, he must possess high oratory skills. In this regard, the students of higher educational institutions must not only obtain knowledge on the subject (knowledge, abilities, skills), but also be able to clearly and effectively Express their ideas, engage in dialogue with the interlocutor at a high level of communicative culture. Therefore, in order to improve the culture of thought need to problem the lessons to work on boosting and the organization of search and research activity of students; to enhance verbal culture to acquaint students with the rich heritage of the language work is focused on expression of thought, the knowledge of the greatness of the word. This should involve all of the teachers together with students.

Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары жоғары білімді маманға ерекше міндет артып отырғаны белгілі. Өйткені елімізді бәсекеге қабілетті елдердің қатарына жеткізетін, соған мүмкіндік жасайтын, ең алдымен, білімді де білікті маман екені даусыз. Демек, еліміздің экономикасын дамытатын, мәдениетін көтеретін ХХІ ғасырдың маманы қандай болуы керек дегенде, ең алдымен, өз халқының баға жетпес байлығы, төлқұжаты ана тілін жетік білетін, оның сан алуан қырларына бойлай алатын тілдік тұлға болуы міндетті. Өйткені тілін сүйген, оны қадірлей білген адам өзін де, өзгені де, мәдени құндылықтарын да бағалай алады. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деген Елбасының жолдауы да тілдің осындай құдіретінен шығып отыр. Жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерінің сөз мәдениетін жетілдіру қазіргі кезекте ең басты мәселенің бірі. Өйткені педагогтің негізгі қаруы-тілі, сөйлей білу шеберлігі. Осымен байланысты жоғары оқу орнында оқитын студенттердің тек пәндік білім (білім, дағды, іскерлік) алып қана қоймай, өз ойын түсінікті де әсерлі жеткізе білу, екінші адаммен диалог құрастыруда қатысымдық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуына үлкен мән берілуі тиіс.

Сонымен қатар мамандарға тілді теориялық және қатысымдық тұрғыдан меңгеріп қана қоймай, оны бар байлығымен сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші де міндеті жүктеледі. Өз ойын дұрыс жеткізе білу тек сөйлем құрай салу ғана емес, онда айтайын деген ойдың екінші адамға түсінікті, әсерлі, дәлелді болуына мән беріледі. Ондай нәтижеге жету үшін, біріншіден, тілдің қалыптасқан жүйесін, соған негізделген өзіне тән заңдылықтарын, яғни әдеби тілдің мәдениетін сақтауға тура келсе, екіншіден, сөйлеушінің айтайын деген ойының, қарым-қатынасының мақсатына сай тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді орынды, талғап қолдану мәдениеті болуы, жетілуі керек [1].

Демек, пәннен берілетін теориялық білім қатысымдық әрекетте ойдың түсінікті, әсерлі берілуінің құралына айналуы тиіс. Бұдан сөз мәдениеті ғылымы әдеби тілдің мәдениеті мен тілдік тұлғаның сөз қолдану мәдениетін бірлікте қарастыруы тиіс деген тұжырым жасалады. Мысалы, мектепте сөз мәдениетінің негіздері, әсіресе тілдік норма, оның тілдік негіздері (әр сыныпта) өтіледі. Яғни пән бойынша оқушыда бағдарламаға сай білім мен біліктілік қалыптасуы тиіс. Ал жоғары оқу орнына келгенде студенттердің бәрі бірдей әдеби тілдің нормасына сай неге сөйлемейді? Демек, білім бәріне бірдей берілгенімен, оны іс жүзіне асыруда бірдей нәтижеге жете бермейтіміз заңды. Бұл жерде жеке тұлғаның психологиялық, танымдық, әлеуметтік т.т. қырларына назар аудару қажет, яғни зерттеуді адамға бағыттау, соның ішкі жан дүниесіне үңілу басты бағыт болуы керектігі ғылымда дәлелденуде. Демек, тілді адамның жан дүниесі арқылы зерттеу қажет, өйткені «тіл – белгілі бір қоғамдастықтың мүшесі ретіндегі тілдік тұлғаның психикасында (жан дүниесінде) өмір сүреді». «Бүгінгі таңда ана тіліміз үшін күрес екі майданда жүргізілуі керек, бірі – қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясын кеңейту, оны әсіресе кеңсе-іс қағаздарының да, ғылымның да, заң-сот істерінің де тіліне айналдыру болса, екіншісі одан кем түспейтін – тіл мәдениетін көтеру, тілімізді тек дұрыс қана емес, әсерлі, әдемі етіп жұмсау үшін күрес болуға тиіс», - дейді академик Р.Сыздық [2].

Студенттердің сөз мәдениеті дағдысын жетілдіру, қалыптастыру, алға қойған міндеттер үрдісінен шығу оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыра білумен тығыз байланысты екені барлығымызға белгілі. Жоғары оқу орнындағы білім беруді ұйымдастыру формасына дәстүрлі сабақ және интербелсенді сабақ түрлері жатады. Сабақтың өтілу формасы (дәріс, семинар, практикалық сабақ т.т.) сан алуан. Өзіміздің сабақ беру тәжірибемізде білім, дағды қалыптастырудың дәстүрлі формаларын оқытудың белсенді әдістерімен ұштастырып отыруға үлкен мән беріледі. Өйткені оқытудың белсенді әдістері дұрыс пайдаланылған жағдайда үш түрлі оқу-ұйымдастырушылық міндетті іске асырады: 1) оқыту үрдісі оқытушының басқарушылық қызметіне бағынады; 2) студенттердің оқу үрдісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді; 3) оқу материалының игерілу деңгейін үздіксіз бақылап отыруға мүмкіндік береді [3]. Сондай әдістің бірі – дәріс арқылы білім беру әдісі. Оқытудың дәріс әдісі орта ғасырдан бері өз мәнін жоймай, теориялық білім қалыптастырудың негізгі бір жолы болып келеді.

Дәріс – жоғары оқу орнында оқытудың, білім берудің негізгі буыны, оқу материалын бірізді баяндаудың жолы. Дәріс - өзекті проблемаларды игеру мен меңгерудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі. Ол болашақ мамандық тұрғысынан үйренушілерді өміршеңді, күнделікті өмірден алынған теориялық проблемалар мен мәселелерді шешуге бағыттайды. Дәрісте көлемді мәліметтерді жүйелеп беру қолайлы, мұнда тақырыптың басты мәселелері нақтыланып, материалдың өзіндік тұрғыдан игерудің әдістемелік нұсқаулары беріледі.

Оның басты мақсаты – студентке теориялық білім негізін меңгерту, білімін толықтыруға нұсқау, бағыт беру. Дәрістің маңызы: студенттерді ғылымға енгізеді, «ғылыми ойлау мектебі» қызметін атқарады, игеретін пәннің ғылыми негіздерімен таныстырады, оқытудың басқа жұмыс түрлерінің (практикалық сабақ, өздік жұмыс) бағытын айқындайды, білімді игерудің, материалмен танысудың бағыттық деңгейін, жалпы нысананы қамтамасыз етеді. Жалпы нысаналық бағыт барлық ақыл-ой әрекетінің бірізді қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ол дәрістің міндетімен байланысты болады. Осыған орай ақпараттың мақсаты – студентке ғылым негіздерінен жалпы мағлұмат, бағыт-бағдар беру болса, ал міндеті: студенттің танымдық қызығушылығын қалыптастыру; өз бетімен жұмыс істеуге, ізденуге үйрету; өз мүмкіншілігін тиімді пайдалануға дағдыландыру; ғылымға деген көзқарасын, ғылыми ойлауын дамыту.

Оқу үрдісіндегі дәрістің мүмкіндігін оның үш түрлі педагогикалық қызметі айқындайды: танымдық, дамытушылық және ұйымдастырушылық [4].

Танымдық қызметі студентті келешек кәсіби әрекетіне қажетті ғылыми ақпараттармен қамтамасыз етумен байланысты.

Дамытушылық қызметі студенттің оқытушымен кәсіби-зерттеушілік әрекетінде шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған тікелей қарым-қатынасына байланысты.

Ұйымдастырушылық қызметі дәрісханада және дәрісханадан тыс уақытта студенттің өзіндік жұмысын бақылай, басқара алуымен байланысты.

Білім беру үрдісінде дәріс: ғылыми (ғылым негіздерін игерту), тәрбиелік, дүниетанымдық қызмет атқарады. Дәріс ондай қызметті атқаруы үшін, мынадай талаптарды қанағаттандыруы қажет: дәрісті өткізудің тәрбиелік жағы, ғылымилығы, ақпараттылығы, ғылымның даму деңгейіне сәйкестігі, дәлелділігі, нанымдылығы, сендіру деректерінің молдығы, тыңдаушыларының ойын дамытуы, ойлануға сұрақтар құрастырып, оны бірізді, жүйелі аша білуі; әдістемелік өңдеуі: негізгі ойды бөліп алу, тұжырымдар жасау, терминдердің мәнін ашу, жаңа білімді әр түрлі жолмен қайталау, бекіту, дидактикалық материалдарды, техникалық құралдарды пайдалану т.т. Дәріс оқылатын курсты жобалаудың әдіснамалық негізінде: ғылымилық, жүйелілік, ақпараттылық, көрнекілік және түсініктілік ұстанымдары басшылыққа алынады. Дәріске студенттердің қызығушылығын туғызу үшін оқытушы тақырыпты, оның мақсаты мен нәтижесін дұрыс айқындай білуі қажет. Тақырыпты жай айта салудан гөрі, оны проблема ретінде, сұрақ-жауап, риторикалық мәнде берген өте тиімді. Мысалы, тілдік норманы өтерде, жалпы норма оның тілге қатысы, сөз сапасына байланысты сапалы сөз, сапасыз сөз бола ма? деген сияқты мәселелер арқылы студенттің зейінін өзіне аударуға әбден болады. Тіпті мысалдар келтіру арқылы да тақырыптың мән-маңызын ашуға болады. Дәрісте айтылатын барлық мәселені шешіп беруге де болмайды. Бұл жөнінде «барлық мәселені талдап, анықтап беру дұрыс емес, ондай жағдайда оқушы өз бетімен ойланудан қалады» деген В.А.Сухомлинскийдің пікірі осыны дәлелдей түседі. [ 5 ].

Студенттердің танымдық белсенділігін көтеруде, сыни ойлау қабілетін дамытуда дәрістің интербелсенді түрлерін пайдалану өз нәтижесін береді. Сондай дәрістің бірі – проблемалық дәріс. Проблемалық дәрістерде қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар келтіріледі. Бұл жерде басты мақсат студентті үйреншікті қалыптан шығарып, білім игеру процесін өзіндік тұрғыдан ұйымдастыру болып табылады: студент келтірілген пікірлерді таңдау мен дәлел келтіру арқылы өзіндік түсінік қалыптастырады [6].

Проблемалық дәрісте басты назар күрделі теориялық мәселелерге аударылып, пікірталас тудыратын сұрақтар қойылады, олардың ішінен біреуін таңдауды талап етіліп, студенттердің өзіндік пікір қалыптастырылуына жол беріледі. Бұл әдіс студенттерді проблемалық сұраққа жауап іздеуге ынталандырып, зерттеу жұмысына баулиды. Мұндай ізденіс барысында студенттердің өздері де проблемалық (екіұшты, дәлелдеуді қажет ететін, пікірталас туғызатын, түсінікке қиын, т.б.) сұрақтарды қойып, оларға өздігімен жауап беру тұрғысынан ізденеді. Сол себепті де проблемалық дәріс диалогқа және зерттеу процесіне ұқсас.

Проблемалық дәріс арқылы мынадай дидактикалық мақсаттарға жетуге болады: студенттердің теориялық білімді игеруі; студенттің теориялық ойлауының дамуы; пән мазмұнына, келешек мамандығының маңызына студенттің қызығушылығының болуы [7].

Проблемалық дәрісте қойылған мақсатқа тиімді жетуді оқытушы мен студенттің бірлескен әрекеті қамтамасыз етеді. Оқытушының басты міндеті – студентке тек ғылыми ақпарат беріп қана қоймай, теориялық білімнің дамуы мен қалыптасуындағы қарама-қайшылықтарды көрсетіп, оларды, оны шешудің жолдарын табуға бағыттау. Бұл үрдіс студентті танымдық белсенділік, ойлануға қажеттілік туғызады. Студенттің танымдық әрекеті ізденушілік, зерттеушілік әрекетке негізделеді. Дәрістің барысында студенттің ойлануы проблемалы жағдаятпен ілесіп отырады. Проблемалы жағдаяттың компоненттеріне таным объектісі (дәріс материалы) және таным субъектісі (студент) жатады. Оқу материалы оқу проблемасы ретінде беріледі. Оқу проблемасы студенттердің танымдық мүмкіншілігіне сай құрылуы тиіс. Проблемалы жағдаятқа оқу пәнінің студенттің келешек мамандығында маңызды және дәрістің дәстүрлі түрлерінде (баяндау) студенттің түсінігіне қиындық туғызатын бөлігі алынады. Дәріс ауызша сұрақ – жауап арқылы, диалогтік сипатта түсіндіріледі.

Проблемалық дәріс шешімін табуға жетелейтін сұрақ қоюдан басталады. Сұрақ арқылы оқытушы студентті бірлесіп ойлануға, дискуссия туғызуға итермелейді. Диалогтік тілдесім студенттің ойлануына тиімді жағдай жасайды. Ол үшін мынадай жағдайға мән беру қажет: оқытушы студентпен өз пікірін бөлісуші ретінде болуы; студенттің пікірімен санасушы, қызығушы ретінде көрінуі; студенттің ұсынған пікірлеріне әр түрлі көзқарастың болуын қадағалау; студенттің дәлелдемелеріне мән беру, тұжырымдар жасауға қалыптастыру; студенттердің сұрақ қоюын қадағалау, шешімін бірге іздестіруге ұйымдастыру.

Студенттердің ойлау үрдісін басқару үшін оқытушы алдын ала дайындалған проблемалық және ақпараттық сұрақтар дайындауы тиіс. Проблемалық сұрақтар студенттің бұрынғы игерген білімдерінде немесе пәнді өту барысында игерген білімдерінде болмай, оларды шешуде қиындық туғызуы тиіс. Яғни проблемалық сұрақтар әлі белгісіз құбылыстарға қатысты болады. Осыған орай студентте интеллектуалдық қиналыс пайда болады, ойланады. Ақпараттық сұрақтар бұрынғы игерген білімдерін жаңғырту, қойылып отырған мәселеге қатыстыларын естеріне түсіру мақсатында болады. Яғни ондай сұрақтардың жауабы студенттің бұрынғы игерген білімдерінде болуы тиіс. Проблемалы және ақпараттық сұрақтарды сәйкестендіре отырып, оқытушы студенттің жеке басының дамуына мүмкіндік жасайды.

Сондықтан да студенттердің ойлау мәдениетін жетілдіру, ол үшін проблемалық сабақтар өткізу, студенттерді үнемі іздендіру, ойландыру жұмыстары жүріп отыруы, сөз мәдениетін жетілдіру мақсатында тіліміздің байлығын, ойды беру мүмкіншілігін, сөз асылын байқату, соған бағыттау, сөз құдыретін таныту т.т. жұмыстар (барлық мамандық иелеріне де) үнемі жүргізіліп отыруы, оған барлық ұстаздар атсалысуы тиіс деп ойлаймыз. Ол үшін оқытушы мен студент бірлесе әрекет етуі тиіс. Бұндай әрекеттің тиімділігі оқытудың интербелсенді әдістерін қолданумен тығыз байланысты. Оқытудың интербелсенді әдістері (дәрісті, семинарды өткізу әдістері) студенттің кәсіби білім, дағды, іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сейтенова С.С. Интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту. Кәсіби-педагогикалық білім беруде жобалау инновациясының ғылыми негіздері" атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
2. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы. – 2009. – 518 б.
3. Seitenova S. S., Abil A.S. Speech development of primary school children. IMPIAKT JOURNALS
4. Бейсенбаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... диссер. – Алматы, 2005. – 294 б.
5. Сухомлинский В.А. О воспитании. 5-е изд., – М.: Политиздат, – 270 с
6. Сейтенова С.С., Каныбетова Ш.А. Изучение проблем формирования языковой культуры учеников начальной школы. «Научное сообщество студентов XXI столетия»: Материалы студенческой международной заочной науко-практической конференции. Ч. II (16 апреля 2012 г.) - Новосибирск: Изд. «Сибирская ассоциация консультантов», 2012. - 587 с.
7. Сейтенова С.С., Омаркулова А.Б. Использование инновационных методов в повышении познавательной активности учащихся Научный журнал "Апробация" N 2 (5) 2013 ж 91-94 б. Москва